

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№2 (22)

2021

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ISSN 2311-9551



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

№2 (22)

2021

Қызылорда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН,
КУӘЛІК № 14158-Ж

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Дауренбеков Қ.Қ., техника ғылымдарының кандидаты;

Жауапты редакторлар – Шильманова А.М., экономика ғылымдарының кандидаты;

Насимов М.Ө., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Райымбекова А.Т., экономика ғылымдарының кандидаты

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция алқасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Жанзақов М.М., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;

Сейсекеев А.О., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ғ.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байтасов К.Б., техника ғылымдарының кандидаты;

Паридинова Б.Ж., философия магистрі;

Төлепбергенова А.Ү., педагогика ғылымдарының магистрі;

Тасболат Ғ.Ж., техника ғылымдарының магистрі;

Сапартаева Л.Е., педагогика ғылымдарының магистрі;

Есенова Р.Қ., педагогика ғылымдарының магистрі;

Қасымбекова М.Д., әлеуметтік ғылымдар магистрі;

Мұханова Ж.Ә., жаратылыстану ғылымдарының магистрі;

Баширова Ж.Е., педагогика ғылымдарының магистрі;

Измаханова М.А., аға оқытушы.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ғ.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ғ.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

№2 (22), 2021

Басуға 30.12.2021 жылы қол қойылды. Пішімі 70х106 1/6. Көлемі 4.2 б.т. Офсетті қағаз.
Тапсырыс №32. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Сол жағалау.
«Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

МАЗМҰНЫ

САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ	
<i>Насимов М.Ө.</i> ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ.....	4
<i>Насимов М.Ө.</i> ЖАҢА ЖОЛДАУДАҒЫ ЖЕТІ МӘСЕЛЕНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ.....	6
<i>Паридинова Б.Ж.</i> ЖОЛДАУДАҒЫ ҰЛТ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	10
ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ	
<i>Сегизбаева Д.У.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	12
<i>Жұматаев Е.А.</i> АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТАТЫН НЕГІЗГІ САЛА.....	17
<i>Спанова Л.Қ.</i> ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ.....	23
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ	
<i>Уразова Ж.К.</i> ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ПРЕПОДАВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ.....	28
ФИЛОЛОГИЯ	
<i>Atazhanova Z.M., Mukhitkyzy A.</i> THE INFLUENCE OF LANGUAGES TO AND THEIR WAYS OF ENRICHING VOCABULARY STOCK.....	32
<i>Atazhanova Z.M., Fazairova A.</i> KAZAKH TURKISH LANGUAGES' DIFFERENCES AND THEIR SIMILARITIES IN COMMON.....	37
<i>Атажанова З.М., Дәдікбай Т.Ә., Оралбаева Г.С., Мырзахожяева З.С.</i> СПОСОБЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ЦЕЛИ СУБСТАНТИВИЗИРОВАННЫХ ЭЛЛИПТИЧЕСКИХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ ВЫРАЖЕННЫЕ ПОСЛОВИЦАМИ И ПОГОВОРКАМИ В КАЗАХСКОМ И В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ	42
<i>Медетбаев Т., Таңатар А.</i> ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ.....	47
<i>Шумейко Н.Е., Мажиева С.С.</i> НЕКОТОРЫЕ ПРИЁМЫ РАЗВИТИЯ РЕЧИ.....	53
<i>Тайманова С., Қожан Г.</i> ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ.....	58
ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР	
<i>Байтасов К., Транай Е.А.</i> АРАЛАС ҚҰРАМДЫ БАЙЛАНЫСТЫРҒЫШ ЗАТ НЕГІЗІНДЕГІ ҚҰМДЫ БЕТОНДЫ ЗЕРТТЕУ	63

САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

ӘОЖ 32:93/94

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ¹

Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Құндылықтар жүйесі табиғатта және қоғамда кездесетін бұйымдар мен құбылыстардың адам өміріндегі маңызы туралы қалыптасқан пікірлердің жиынтығын білдіретін құндылықтар теориясының тұжырымдамасына жатады. Адам мен қоғам салыстыру мен шешім қабылдау кезінде құндылықтар жүйесіне сүйенетіндіктен әлеуметтік бағдар да осы тұста қалыптасады. Бұл тұста құндылықтар жүйесі негізінде тәуелсіздігіміздің құндылықтарын түсінгенді дұрыс санаймыз.

Ғылыми әдебиеттердің басым бөлігінде тәуелсіздік қуаттылық пен өз бетінше өмір сүруге қабілеттілік деп түсіндіріледі. Бұл өзгелердің бақылауынан, ықпалынан, қолдауынан еркіндікті білдіреді. Ұлттық тәуелсіздік болса, бұл халықтың өзінің басқару түрін сыртқы ықпалсыз анықтау құқығы мен ұлттық бірегейлігінтанытады. Сондықтан тәуелсіздікке қол жеткізу ұлттық тұтастық пен ел дамуы үшін аса маңызды.

Тәуелсіздік – бір ұлттың, мемлекеттің, діннің екінші бір ұлтқа мемлекетке, империяға, дінге бағынышты емес, дербес территориялық, экономикалық, саяси, діни дербестігін алған жаңа құрылған мемлекетке қолданылатын саяси түсінік. Ол дербес әлеуметтік-саяси, экономикалық қимыл жүргізетін, егеменділіктің белгісі болып табылады. Саяси тұрғыдан қарағанда тәуелсіздік конституциялық құқыққа негізделген мынадай түрлі принциптер мен институттардың сипаттамалық көрсеткіші саналады: егемендік, билік бөлінісі, тұлғаның құқықтық мәртебесі, соттар мәртебесі және т.б.

30 жылдық тарихы бар еліміз үшін тәуелсіздік маңызды құндылық болып табылады. Тәуелсіздік ел тұтастығын сақтаудың маңызды тәсілі деп ойлаймыз. Тәуелсіздікті бағалау арқылы адам ең алдымен өзінің қоғамдағы рөліне мән береді. Таңдау құқығы,

¹Насимов М. Тәуелсіздік - маңызды құндылық // [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: <https://kyzylorda-news.kz/kogam/taewelsizdik-mangyzdy-qundylyq-105855/>

икемділік қабілеті мен күш-жігері арқылы жеке тұлғасын қалыптастырады. Адамның дербес тәуелсіздігінің толыққанды тұлға болу қабілетін дамытып, қоршаған орта үшін қажетті мүмкіндіктер жасауға ықпал жасайды.

Халық үшін тәуелсіздік берген еркіндіктің маңыздылығы теңдік және әділеттілікпен тығыз байланысты. Қазіргі таңда халыққа әділ және тең мүмкіндіктер беру арқылы жетістікке жете аламыз. Теңдік пен әділеттілікті тек саяси тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы елдің дамуы жалғасады. Сондықтан тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған еліміздің Конституциясы барлық азаматтар үшін тең құқықты қамтамасыз етудің негізін қалады.

Қазақ ақыны Асан қайғы өз шығармалары арқылы адамгершілік ілімдерді негізге ала отырып, әлеуметтік-әділеттілік түсініктерін, «әділетті хан» идеясын, адам туралы көзқарастарын, этикалық және эстетикалық құндылықтардың ара-қатынасын айқындайды. Оның пікірінше, әділдіктің белгісі – бірқалыптылықта; ақылдының белгісі - өткен істі қумауында; надандықтың белгісі – білгеннің тілін алмауда екен. Ол әділеттілікті хан саясатынан іздеп, бірақ оны таба алмай, ханға көптеген өлеңдерін арнап, «әділетті хан» идеясын ұсынады. Асан қайғының саяси-әлеуметтік идеясы оның қоғамдық өмірге терең үңілуінен тарайды.

Тәуелсіздіктің құндылық өлшемдері мәдениетаралық қатынастармен байланысты болғандықтан құндылыққа әлеумет ықпал жасайды және ол ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріп отырады. Демек, тәуелсіздік құндылығын келер ұрпаққа жеткізе білу маңызды. Бұл құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу әлеуметтенудің және мәдени сабақтастықтың негізгі тетіктері болып табылады. Жасыратыны жоқ, социализмнен либералды капитализмге көшу жеке жағдайын жақсарту, құзыреттілік бағытында өзін-өзі дамытуға көшірді. Әлеуметтік және мәдени өзгерістер жастармен аға буын өкілдері менталитетінің арасындағы алшақтықтың артуына әкелді. Сондықтан осы алшақтық әлеуметтік өзгерістер туындатпауы үшін үнемі тәуелсіздіктің құндылықтарын есте сақтауымыз қажет.

РЕЗЮМЕ

В данной статье независимость рассматривается как ценность.

SUMMARY

In this article independence is considered as a value.

ЖАҢА ЖОЛДАУДАҒЫ ЖЕТІ МӘСЕЛЕНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ²

Насимов Мұрат Өрленбайұлы,
*саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында негізгі 7 мәселеге мән беріліп, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған 5 бастама көтерілді. Ел өркендеуінің негізі халық бірлігі мен жүйелі реформалар екендігі белгілі болды.

Президент бірінші мәселеде еліміздегі пандемиядан кейінгі экономикалық дамуға назар аударады. Расында COVID-19 пандемиясы әлемдік экономикалық жағдайға әсер етіп, індет кезінде әлеуметтік-экономикалық шығындарға тап болдық. Коронавирустан туындаған пандемия кезінде бүкіл әлем бойынша мыңдаған адамдар құрбан болды, халықтың әлеуметтік-мәдени өміріне айтарлықтай шектеулер қойылды және әлемдік экономиканың тенденциялары түбегейлі өзгерді. Бүгінгі таңда мемлекеттер қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарда адам шығыны мен экономикалық шығындардың қандай болатынын болжау қиын. Дегенмен, экономикалық дамудың жеке болжамдарын және Жолдауда айтылған COVID-19 пандемиясының теріс салдарын жоюға арналған шараларды ескеру маңызды. Бұл халықтың әлеуметтік-мәдени өмірінің деңгейіне тікелей әсер ететін экономикалық процестердің ықтималдылығы туралы нақты көзқарасты қалыптастыруға және микро, макродеңгейде қаржы-экономикалық жағдайды тұрақтандыру бойынша қабылданған нақты шараларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екінші мәселеде денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру көзделген. Елімізде өзге мемлекеттер секілді соңғы жылдары денсаулық сақтау жүйесін реформалауға айтарлықтай күш салынып келеді. Денсаулық сақтауды реформалау жолдары бірқатар себептерге байланысты әр түрлі, оның ішінде экономикалық, саяси және құрылымдық негіздегі айырмашылықтар бар. Жолдауда айтылғандай, медицина саласына қомақты қаржы құюмен қатар, осы ресурстарды тиімді пайдалануды ойлануымыз қажет деп ойлаймыз. Бұл тұрғыда

²Насимов М.Ө. Ел бірлігі – өркениет өзегі // Сыр бойы. – 2021. – 7 қыркүйек.

тиімділікті бағалау денсаулық сақтау жүйесінің өнімділігін арттыру үшін қажетті шешім қабылдау процесін жеңілдетеді. Денсаулық сақтаудың ақпараттық технологиялары денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттырудың құралы екендігін ескеруіміз қажет. Әсіресе, электронды емханалар мен телемедицина секілді институционалдық денсаулық сақтаудың ақпараттық технологияларының тиімділігін баршамыз білеміз. Жалпы бұл бөлімде көтерілген мәселелер мемлекеттік басқару органдары басшыларының денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттырудың жаңа құралын ұсынады.

Сапалы білім беру мәселесі қарастырылған бөлімде білім және ғылымға ерекше мән берілген. Білім сапасы бұл жалпы алғанда отандық білім берудің және жоғары деңгейдегі мамандар дайындығы жүйесіндегі басты мәселе. Мемлекеттің интеллектуалдық әлеуетінің өсуі, экономикасының табысты үдемелі дамуы мен бәсекеге қабілеттілігі білім саласының сапалық деңгейіне байланысты. Сапалы білімге қол жеткізу үшін оқу бағдарламалары үнемі бағаланып және қайта қарастырылу процестері жүріп отыруы қажет. Бұл тұста жұмыс берушілер, ата-аналар мен студенттердің пікірлері қажетті бағалау мен түзетулер туралы құнды ақпарат бере алады. Сапалы білім беруді қамтамасыз етудің кейбір тиімді шараларына тәжірибелі профессорларды тарту, жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты дамыту және білім беру ортасын жақсартуға күш салу жатады. Сондықтан ғылым мен жоғары білім саласындағы жаңа бастамалар ауқымды міндеттерді жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Өңірлік саясатты жетілдіру бағытында аймақтық инновациялық процестердің өңірлермен бірлескен эволюциялық дамуына ерекше мән берген жөн деп ойлаймыз. Өңірлік деңгейдегі инновациялық процестер өңірлік саясатты дамытудың кілті болып табылады. Жолдауда экологиялық және экономикалық саясаттың үйлесімінен тұратын ел мен оның өңірлері дамуының қазіргі заманғы парадигмасына негізделген міндеттер тұр. Бұл табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шаралар жүйесін қамтитын экологиялық саясаттың негізі болмақ. Экологиялық қауіпсіздік саласындағы өңірлік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың әдістемелік негіздерін әзірлеу елдің және оның аймақтарының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына қол жеткізудің ең маңызды шарты деп ойлаймыз. Сонымен қатар, проблемалық өңірлер мен өңірлердегі мәселелерді анықтау және осылайша аймақтық саясатты жетілдіру түрлі экономикалық субъектілердің тұрақты дамуы үшін маңызды.

Бесінші мәселеде экожүйелердің еңбек нарығына, бизнеске елеулі ықпалына мән беріледі. Экономика саласындағы сарапшылардың басым бөлігі тиімді экожүйені еркін экожүйе мен еркін экономикаға балайды. Бәсекелестікті еркін экономиканың және

экожүйенің негізгі шарты деп көрсететін зерттеушілер де бар. Біздің ойымызша, кәсіпкерлер, инвесторлар мен мемлекет мәселені шешу жолында бірігіп, серіктес болса, онда тиімді экономика мен экожүйе құрылады. Кәсіпкерлікте цифрландыру үлкен маңызға ие. Сондықтан инновациялардың тиімді экожүйесі цифрлық трансформацияның негізгі драйверіне айналдырар еді.

Мемлекет басшысы алтыншы мәселеде саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау бойынша тұжырымдар жасайды. Саяси жаңғыру бойынша жүзеге асырылатын міндеттер елдің саяси өмір ландшафтындағы елеулі өзгерістер әкелуі тиіс. Қазіргі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне әсер ететін пікірталастарды сарапшылармен жүргізіп, қоғам назарына ілінген мәлімдемелердің мәнін айқындауымыз қажет. Елдің саяси жаңғыруының ерекшеліктеріне мән беріп, қоғам мүшелері арасында көп көтеріліп жүрген тіл, дін, тарихи мұра, ұлттық бірегейлікті нығайту бойынша мәселелерге мән берген жөн. Елдің саяси жаңғыруы ұлттық бірегейліктің жаңа сезімін түсінуді талап етеді деп ойлаймыз. Осы бөлімде сыбайлас жемқорлық, оның ішінде тұрмыстық сыбайлас жемқорлық мәселесі көтеріледі. Жалпы кез келген мемлекеттік мекемеде заңға қайшы «делдалдық» қызмет атқаратындар қоғам өміріндегі сыбайлас жемқорлықтың күрделі салдарын туғызады. Елімізде жүріп жатқан институционалдық реформалармен қатар, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен күрескен ауқымды әлеуметтік-саяси өзгерістер қажеттілігін көрсетіп отыр.

Ұлттың ұйысуы бойынша мәселелер жетінші бөлімде қарастырылады. Жалпы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы әлеуметтік құбылыс болып табылатын бірліктің құндылығы қоғамды топтастыруда жатыр. Сәйкесінше, ұлттың, қоғамның ұйысуы қоғам мүшелерінің бірігуінде жатыр. Өйткені, қазіргі кезеңдегі адамзаттың даму процесі халықтардың бірігуімен, ұйысуымен тығыз байланысты. Демек, ұлттың ұйысуын ескермей кез келген саяси, ұлттық, этносаралық мәселелер шешілмейді. Ұлттың ұйысу мәселесінде «Әлеуметтік кеңістік» түсінігі негізінде де мән берген жөн деп ойлаймыз. Мәселен, қазіргі таңда қолданылып жүрген «Әлеуметтік білім» ұғымы жаңа құндылықтар иеленіп, ол қоғамның ұйысуына ықпал ететін демократиялық білім, бірлескен ынтымақтастықтағы білім ретінде түсініле бастады.

Жалпы осы жылғы Жолдауда реформалар мәселесі ерекшеленіп тұр. Мемлекет басшысы көтерген жеті мәселеде халық бірлігі қажет және осы бірлік ел өркендеуінің негізі болмақ.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются приоритеты семи вопросов Послания Президента Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана

«Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны».

SUMMARY

This article discusses the priorities of the seven issues of the State of the Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev “Unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the nation's prosperity”.

ЖОЛДАУДАҒЫ ҰЛТ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ³

Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,
философия магистрі,
Қызылорда «Болашақ» университеті

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында еліміздің дамуы үшін қажетті 7 мәселеге ерекше тоқталғаны мәлім. Еліміздің алдағы өркендеу жолында халық бірлігі мен жүйелі реформалар өте маңызды. Сондықтан ХХІ ғасырда ел тұрғындары терең білімді болуы қажет. Әсіресе ақпараттық технологиялар жоғары дамыған қазіргі қоғамға ұлт сапасын арттыру өзекті болып табылады.

Президент пандемия кезіндегі қашықтан оқытудың нәтижесіне тоқталады. Еліміздегі жаңа коронавирустық инфекцияға байланысты 2020 жылдың наурызында білім беру ұйымдарының қашықтан оқытуға көшуі осы оқу форматының тиімділігі мен салдарын, оның пандемиядан кейін қолдану басымдықтары туралы қызу талқылауды тудырғаны анық. Білім беру жүйесіне келешектегі белгісіздікпен экономиканы цифрландыру үдерісі кезіндегі бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау міндеті тұрды. Біздің ойымызша, қоғам мүшелерінің қашықтан оқытуға теріс көзқарасы, бір жағынан, онлайн білім берудің педагогикалық теориясы мен тәжірибесін жан-жақты түсіну бойынша ауқымды ғылыми зерттеулердің болмауына, екінші жағынан экономиканы цифрландырудың қазіргі кезеңіндегі білім мен тәрбиенің педагогикалық мақсаттары мен білім беру ұйымдарының тікелей қызметіне байланысты екендігін түсінбеуден туындады. Қашықтанбілім беру технологияларын қолдана отырып онлайн-оқыту, электронды оқыту алдағы уақытта төмендегідей жетістіктер әкеледі: білім алушылар мен қоғамның белгісіз болашақ жағдайындағы кадрлар даярлауға сұранысын қанағаттандырады; ақпараттық технологиялар көмегімен білімгерлерге ақпараттық қоғамдағы әлеуметтік және кәсіби қызметке толық және тиімді қатысуға, цифрлық экономикаға көшуге дайындау мақсатында белсенді танымдық және оқу қызметіне жағдай жасайды.

Жолдауда ғылымды дамыту аса маңызды басымдық екендігі айтылды. Жаһандану дәуірінде ғылым мен техника өте жоғары қарқынмен дамуда. Әсіресе, ғылымның білім беру саласына ықпалы өте кең. Сондықтан ғаламдық қажеттіліктер білім беру саласынан

³Паридинова Б. Ынтымақ – ырыстың басы // Сыр бойы. – 2021. – 28 қыркүйек.

ғылым мен техниканың дамуын үнемі реттеп отыруын талап ететіндігін де айтқан жөн. Ғылымның дамуы студенттердің ғылыми сауаттылығы мен дағдыларын дамытуға, жеке және кәсіби табыстары мен қоғамдық өмірге қатысуына маңызды болатын икемдерді қалыптастыруға ықпал ете алады. Жоғары оқу орындарында білімгерлерді оқытуда мамандықтың дәстүрлері мен ерекшеліктерін ғылымның дамуымен ұштастырып, оқытудың негізгі қағидаларын ашқан дұрыс деп ойлаймыз.

Жолдауда ұлттың ұйысуы еліміздің дамуындағы басты фактор екендігі дәйектеледі. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы әралуандық негізінде бірлік пен біртұтастықты сақтаудағы барлық ұлттың түрлі мәдениетін ескерумен байланысты. Ғылымда «әралуандықты» мәдени плюрализмнің заңдылығы мен құндылығын, оның әр түрлілігі құндылығын мойындайтын идеология, саясат және әлеуметтік дискурс ретінде анықталады. Бұл өз кезегінде дәстүрлі этникалық және ұлттық мәдениеттердің толерантты өмір сүруіне негізделген біртұтас әлеуметтік-мәдени кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, әралуандық түрлі ұлттардың қатар өмір сүруінің диалогтық парадигмасына негізделген. Сондықтан ұлттар мен олардың мәдениеттерінің әркелкілік табиғатын тану, әралуандық бойынша бірлік туралы түсініктерді ұғыну маңызды. Этникалық қауымдастықтар қоғамдық кеңістікке жеткілікті түрде біріккен және оларды елдегі қауымдастық оң қабылдайтыны да белгілі. Демек, әралуандық тұрғыдағы өзара іс-қимылдар саяси капиталға айналатын және ұлтты ұйыстыратын әлеуметтік-мәдени капиталды жинақтаудың маңызды ресурсы болып табылады.

Халық бірлігі елімізде «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» халық пікірінің қалыптасуына толықтай негіз бар. Ол үшін әрбір азамат мәселенің маңыздылығын түсініп, қоғам болып бірлесе жұмыс атқарғанда ғана оң нәтижеге жете алатындығымызды ұғынуы қажет.

РЕЗЮМЕ

В данной статье анализируются актуальные вопросы повышения качества нации на материалах Послания Президента Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны».

SUMMARY

This article analyzes topical issues of improving the quality of the nation based on the materials of the State of the Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev “Unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the nation's prosperity”.

ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ

ӘОЖ 331.538.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сегизбаева Дана Усеновна,
*экономика ғылымдарының магистрі,
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Еңбек нарығы негізгі нарықтардың бірі ретінде әр ел мен аймақтың тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы үшін маңызды рөл атқарады. Оның дамуы мен конъюнктурасы ұйымдар мен халықтың дамуына тікелей әсер етеді. Оның дамуы мен жағдайын басқалар алдын-ала анықтайды, бірақ ол басқаларға бір немесе басқа жолмен әсер етеді.

Қоғамдағы еңбек рөліне сәйкес мамандар еңбек нарығының екі негізгі функциясын қарастырады:

- экономикалық функция - кадрларды өндірістік және өндірістік емес салаға ұтымды тарту, еңбекті бөлу, реттеу және тиімді пайдалану болып табылады;

- әлеуметтік функцияның рөлі - қоғамдық, экономикалық дамуға сәйкес келетін деңгейде жұмыс күшін молайтудың алғышарттарын құруда.

Еңбек нарығының жұмыс істеуі экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамтылуын және кәсіпорындарды қажетті мөлшерде және тиісті сапада қызметкерлермен жасақтауды қамтамасыз ететін еңбек сатушылары мен сатып алушыларының кездесулерін ұйымдастыруға; бәсекелестік негізінде өзара іс-қимылды қалыптастыруға; еңбек нарығының жай-күйі және экономикалық тиімді жұмыспен қамтуды қалыптастыру туралы ақпаратты таратуға; көптеген маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге жәрдемдесуге ықпал етеді.

Тиімді еңбек нарығын қалыптастыру үшін дұрыс бәсекелестік қажет, онда құзыреттер мен біліктілік еңбек нарығында бәсекеге түсуі керек. Мемлекеттің сарабал әлеуметтік-экономикалық саясаты, жұмыскерлердің жасына, денсаулық жағдайына, жынысына және еңбек күш-жігерін жұмсау саласына қарамастан, Нәтижелі жұмыспен қамтылуына ықпал ететін еңбек нарығындағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөніндегі батыл іс-қимылдар қажет.

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың белең алуына еңбек нарығындағы жағдай төңірегінде хабарсыздық, өндірістік тәжірибенің

болмауы, бәсекелестік деңгейінің әлсіздігі, кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі және жеке бас тарапынан болатын өзіне жоғары ақы талап ету сияқты түйіткілдер әсер етеді.

Жоғары оқу орындары бітірушілердің жұмыспен қамтылуының төмен болуы, келесі себептерге байланысты:

Біріншіден, жоғары оқу орындарына белгілі бір мамандық бойынша түскен жастар еңбек нарығындағы ағымдағы сұранысқа назар аударады. Оқуды аяқтағаннан кейін жастар уақыт талабына сәйкес мамандықтарға деген сұраныс та өзгергенін түсінеді.

Екіншіден, техникалық мамандықтарға, Ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарға, сондай-ақ био және нанотехнология саласындағы мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік гранттар санының ұлғаю процесіне қарамастан, оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы толығымен өзгермейді, осыған байланысты студенттерге берілетін білім еңбек нарығында жұмыс берушілердің талаптарына сай келмейтін бұрынғы сабақтастықты сақтайды.

Қазақстандағы білім беру салаларының қазіргі кездегі жағдайын тоқталар болсақ, мәліметті 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1. Қазақстан Республикасындағы білім беру салаларының статистикасы

№	Білім салалары	1991/1992	2000/2001	2019/2020
1	Тұрақты мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар саны	2 407	923	6 284
2	Мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін мектептер саны	8 575	8 153	6 975
3	Мемлекеттік кешкі (ауысымдық) жалпы білім беретін мектептер саны	266	44	69
4	Мемлекеттік кәсіптік мектептер (лицейлер) саны	471	266	-
5	Мемлекеттік колледждер саны	244	176	-
6	Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беретін мемлекеттік ұйымдар саны	-	-	427
7	Мемлекеттік жоғары оқу орындарының саны	61	58	41

Еңбек нарығы мен халықты жұмыспен қамту жай-күйінің проблемалары қолда бар еңбек әлеуетін сақтау, көбейту және ұтымды пайдалану қажеттілігінің алдында тұрған Қазақстан экономикасы

үшін өте өзекті. Онсыз Қазақстанды нарықтық реформалар жолымен одан әрі ілгерілету және оны Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіне толыққанды интеграциялау мүмкін емес, мұнда елдің бәсекеге қабілеттілігінің шешуші алғышарты өндіріс нәтижелеріне мүдделі және тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген жоғары білікті, ұтқыр жұмыс күші болып табылады.

Еңбек нарығындағы артық ұсыныстарға байланысты мамандық таңдауда да көп қиындықтар кездеседі. Олар:

- жұмыс берушінің талаптарына бітіруші мамандардың деңгейінің сәйкес келмеуі;

- мамандық алуда жас мамандардың тәжірибелік дағдысының болмауы. Қазірде мамандардың тәжірибеден өтуіне айтарлықтай көңіл бөлініп отырған жоқ;

- мамандардың жалақысының төмен болуы. Бұл жас мамандардың өз жұмысына немқұрайлы қарауына, қанағаттанбауына әкелуі мүмкін;

- бітірушілерді жұмыспен қамтамасыз етуде кепілдеменің жоқтығы.

Қызмет түрі бойынша барлық жұмыспен қамтылғандарды үш үлкен топқа бөлуге болады.

1) экономикада ақы төленетін қызметпен айналысатындар;

2) әскери қызметшілер. Олар тікелей ақшалай кіріс әкелмейтін қызметпен айналысады. Қызметтің келісім шарттық нысанына көшу шамасына қарай әскери қызметшілер мәртебесі бойынша экономикада жұмыспен қамтылғандарға жақындайтын болады;

3) өндірістен қол үзіп оқитындар.

Экономикада жұмыспен қамтылғандарды еңбек қызметіне тарту әдісіне сәйкес төмендегі 2-кестедегідей үш кіші топқа бөлуге болады:


Кесте 2. Еңбек қызметіне тарту әдісіне сәйкес жұмыспен қамтылғандар

№	Еңбек түрі	Сипаттамалары
1	жалдамалы жұмыскерлер	Оларға жұмыс күшін сату негізінде жұмыс істейтіндер жатады
2	жұмыс берушілер	Оларға кәсіпкерлік қабілеттерін жүзеге асыратын кәсіпкерлер жатады
3	өзін-өзі жұмыспен қамтығандар	Оларға өз есебінен жұмыс істейтін адамдар жатады

Еңбек нарығының теңгерімділігі проблемасын шешу кез келген ұлттық экономиканың табысты жұмыс істеуі мен үдемелі дамуының шарттарының бірі болып табылады. Жұмыс күшіне сұраныс

құрылымының оны ұсыну құрылымына сәйкес келмеуі көптеген жағымсыз салдарларды тудырады: еңбекке қабілетті халық арасындағы жұмыссыздық, өмір сүру деңгейі мен сапасының төмендеуі, қоғамның шамадан тыс стратификациясы, қоғамдағы моральдық климаттың нашарлауы, қылмыстың өсуі және көлеңкелі экономиканың ұлғаюы. Сонымен бір мезгілде жекелеген мамандықтар бойынша қызметкерлердің тапшылығы байқалады, бұл кәсіпорындардың өндірістік қызметінің нәтижелеріне әсер ете алмайды.

Еңбек нарығына бағдарлану жоғары білім беру тиімділігінің және даярлау сапасының негізгі көрсеткіші болып табылады және білім беру мен жұмыс берушілердің жүйелі өзара іс-қимылы арқылы іске асырылады. Ол түлектерге жұмысқа қазіргі практикалық жарамдылығы тұрғысынан критерийлер мен талаптар түрінде рәсімделеді. Бұдан басқа, ЖОО-лар еңбек нарығы құрылымының болжамды өзгерістеріне барабар ден қоюға тиіс. Бұл тұрғыда еңбек нарығының мониторингі және сұраныстың өзгеруін болжамды бағалау олар үшін маңызды нұсқаулық болуы керек.



Сурет 1. Жоғары білім және еңбек нарықтары арасындағы қатынастар

Жоғары білім және еңбек нарықтары арасындағы қатынастардың әртүрлі аспектілерін қарастыру оқу орындарының

кәсіпорындар мен ұйымдармен өзара әрекеттесуінің келесі негізгі формаларын анықтауға мүмкіндік береді (сурет 1).

Әрине, оқу орындары мен кәсіпорындардың өзара іс-қимылы тиімділігінің ең айқын көрсеткіші жұмысқа орналастыру болып табылады. Алайда, бұл өзара әрекеттесудің соңғы кезеңі, оның тиімділігі кадрларды даярлау құрылымының мамандарға деген сұраныс құрылымына сәйкес келуімен де, ынтымақтастықтың барлық аспектілері бойынша өндіріс, бизнес және университеттердің өзара әрекеттесуімен де байланысты.

Жоғары оқу орнын инновациялық және перспективалы интеграциялық бірлестіктерге қосу тетігін қалыптастыру жоғары оқу орнының табысты дамуының, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңғыртудың қажетті алғышарты болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Тәжіғұлова Ж.Ж., Елтаева Қ.Е. Еңбек ресурстарын басқару. - Алматы: ҚазҰАУ, 2016. – 152 б.

2. Жұмамбаев С.К. Еңбек нарығының экономикасы. – А., 2009. - 690 б.

3. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің материалдары / ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы состояния рынка труда и экономически эффективной занятости, проблемы рынка труда. Целью статьи является выявление эффективных отношений взаимодействия рынка образовательных услуг и рынка труда. В статье проанализированы причины роста безработицы среди молодежи.

SUMMARY

This article discusses the issues of the state of the labor market and cost-effective employment, problems of the labor market. The purpose of the article is to identify effective relations between the educational services market and the labor market. The article analyzes the reasons for the growth of youth unemployment.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТАТЫН НЕГІЗГІ САЛА

Жұматаев Ернар Аманкелдіұлы,
экономика ғылымдарының магистрі
Қызылорда «Болашақ» университеті

Ауыл шаруашылығы қазақ халқының тіршілігімен біте қайнатып келе жатыр. Көшпенді жұрттың тұрмысы сонау замандардан бері мал шаруашылығымен тығыз байланысты екені белгілі. Еліміздегі басты кәсіптің бірі ретінде осы саланы айта аламыз. Ал Жер-Анаға маңдай терін төгіп, несібесін қара жерден терген дихандар да ауыл шаруашылығының дамуына өз үлестерін қосып келеді. Мал бағып, егін өсіру қай қоғамда да қазақ елі үшін негізгі тіршіліктің көзі болмақ.

Қазақстанның басты игілігі жер десек қателеспейміз. Себебі, елдің табиғи-климаттық ахуалын есепке алғанда жер алқаптарының 74 пайызы егіншілікке жарамды болып табылады. Демек елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыра отырып, экспорт көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік мол. Шартты мал басын 30 миллионға дейін жеткізуге болатын жайылымдарымыз біздің табиғатымыздың, географиялық орналасуымыздың тиімділігін, ерекшелігін көрсетеді. Деректерді сараптасақ, елдегі ауыл шаруашылығының жағдайын жақсы деп бағалауға болады. Мәселен, соңғы бес жыл ішінде ауыл шаруашылығымен байланысты өнімдердің көлемі бірнеше пайызға дейін өскен. Ал экспортқа өнім тасымалдау көрсеткіші 3,5 пайызға дейін артты. Мұның ішінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына қатысты өнімдердің үлесі мол [1].

Тоқсаныншы жылдардың басында елдегі ауыл шаруашылығының жағдайы мәз болмағаны баршамызға белгілі. Өйткені сол кезеңдегі реформалардың салдарынан бірқатар өзгерістер орын алды. Энергетикалық сектордағы өсімнің нәтижесінде ауыл шаруашылығының төмендеуіне едәуір ықпал етті. Сол кездерде ауылдардағы тіршілік марғау күй кешті. Осылайша ауылдағы жұмыс орындары қысқарып, аграрлық нарық төмендеген болатын. Бұл жағдай адамның өмір сүруінің сапасына әсер етпей қоймады. Осы тұста елдегі демографиялық ахуал да нашарлады. Себебі ауылдардағы шаруашылықтар қаңырап бос қалды, елде жұмыссыздық белең алды. Тоқырау кезеңі ауыл шаруашылығы саласына да өз салқынын тигізбей қоймады. Алайда жылдар өте келе ақырындап бойын тіктеген әрбір салада ілгерілеу пайда бола бастады. Соның ішінде аграрлық секторда да қарқынды жұмыстар жүргізілу қолға алынды. Алқаптардағы

астықтың кеңістігі кеңейіп, мал шаруашылығы қайта жандана түсті. Қазақ халқына мал шаруашылығы генетикалық тұрғыда өте жақын. Сондықтан да бұл істің қыр-сырын біліп, игеріп кету аса қиынға соға қоймайтыны анық. Күрделі жолдарды кешірген ауыл шаруашылығы салалары бүгінгі күні бір ізге түсіп, ел экономикасына пайда түсіру бағытында дамып келеді [2].

Биылғы алғашқы 6 айдың өзінде еліміздің экономикасына тартылған шетелдік инвестиция мөлшері 30 пайызға жоғарылады. Инвестиция арқылы түскен қаражаттың дені өңдеу өнеркәсібі, қызмет көрсету салаларына бағытталған. Сонымен қатар инвесторлар ауыл шаруашылығы саласына да ерекше қызығушылық танытып отыр. Әлбетте бұл ел экономикасына оң әсерін тигізбек. Осы орайда елімізде агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін арнайы бесжылдық жоспар әзірленгенін айта кету керек. Бұл жоспар бойынша жылыжайларды көбейту, ет және сүт өнімдерін арттыру, сондай-ақ қант өнімін шығару, құс шаруашылығын дамыту сынды жұмыстарға басымдық беріледі. Ол үшін жалпы құны 4 триллионды құрайтын 900-ден аса жобаның тізімі де бекітілді [3].

Еліміздегі халық тұтынатын азық-түліктің басым бөлігі өзімізде өндіріледі. Атап айтқанда, өнімнің 85 пайызы Қазақстанда жасалады. Мұны ауыл шаруашылығына айрықша мән берудің, қаржы бөлудің жемісі деп айтуға болады. Мысалы, биыл агроөнеркәсіп кешеніне 660 миллиард теңге көлеміндегі ақша бөлінді. Былтырғы жылмен салыстырғанда бұл едәуір көп болып саналады. Нақтырақ айтсақ, құйылатын қаражат 40 пайызға артқан. Өндірістің қарқынды жұмыс істеуіне, экспорт көлемінің артуына бөлінетін қаржының да ықпалы бар. Жүйелі түрде жұмсалып, қажетті өндіріске қолданылған қаражаттың нәтижесінде биыл ауыл шаруашылығы саласы бойынша өнім өндірушілер шетелге құны 2,5 миллиард доллардан асатын өнім өткізді. Импортты азайтып, экспортты көбейтудің ел экономикасының дамуына серпіліс әкелетіні сөзсіз. Алда тамақ өнеркәсібі, суару әдістері, тұқым шаруашылығы секілді бірнеше бағыттар бойынша атқарылатын 225 жоба іске асырылатын болады. Ол үшін арнайы 834 миллиард теңге қаржы бөлініп отыр [4].

Еліміздегі балық шаруашылығында да ерекше қарқын бар. Биыл еліміздегі балық өнімдері 12 мың тоннадан асты. Ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті одан әрі арттырып, 270 мың тоннаға дейін жеткізу межеленіп отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше биылғы балық аулау көрсеткіші 3 пайызға артқан. Сонымен қатар, жалпы құны 3,2 миллиард болатын 9 жобаға инвестиция тартылған екен.

Ауыл шаруашылығы бойынша кәсібін дөңгелеткісі келетін жандарға берілетін несиелер де бар. Мәселен, биыл ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры 8000-ға жуық кәсіпкерге

несие беріп, қолдау көрсетті. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы төңірегінде берілетін несиеге жүгінетіндердің қатары күн санап арту үстінде. Бағдарлама бойынша 2021 жылға 1 миллиард 316 мың теңге қарастырылған болатын. Қазіргі таңда аталған қаражат толығымен игеріліп, жас кәсіпкерлердің кәсіптерін қолдау мақсатында жұмсалды [5].

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының базалық салаларының бірі. Себебі бұл сала арқылы елді тек қана азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорт әлеуетін де күшейтіп, экономиканың біршама көтеруге мүмкіндік бар. Осы орайда ауыл шаруашылығы саласында қызмет ететін шаруалардың еңбегінің зор екенін айта кеткен абзал. Бүгінде ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар инновациялық жобаларды жүзеге асырып келеді. Осы саланы әртараптандыру мақсатында мамандар түрлі технологияларды іске қосу үстінде. Цифрландыру әдістерінің де ауыл шаруашылығына тигізіп жатқан пайдасы ұшан-теңіз.

Қазіргі қоғам жаңашылдықты талап етіп отыр. Жаһандық табиғаттың құбылуы, әлемде болып жатқан түрлі өзгерістер қай салаға болмасын өз өзгерісін әкелуде. Соның ішінде ауыл шаруашылығы саласы да бар. Бір орында тұру, ілгері жылжымау дамуға अपармайды. Сондықтан да аграрлық технологияларды жүйелі түрде енгізу арқылы, инновациялық жобаларды іске қосу арқылы шаруашылықты дамытуға оңтайлы жағдай жасауға болатыны сөзсіз.

Биыл еліміздің көптеген аймағы құрғақшылықтан, судың тапшылығынан зардап шекті. Осы орайда ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар су ресурсын үнемдейтін технологияларды енгізіп, жүзеге асыру мәселелері бойынша жұмыстар атқаруда. Себебі су – тіршіліктің нәрі. Суды ұтымды пайдалану, ысырап етпеу негізгі қағидаға айналуы тиіс. Осыған сәйкес ғалымдар аграрлық ғылымдағы соңғы жаңалықтарға арқа сүйеп келеді. Еңбек күшін де, суды да үнемдейтін тамшылатып суару әдісін ғылымның жетістігі десе де болады. Осы әдіс арқылы суы аз аймақтағы шаруалар да егін егіп, нәтижесін көріп отыр. Мәселен, жаңбырлатып суаруға арналған бір техниканың өзі 10 гектар алқапты сумен қамтамасыз ете алады екен. Бұл дегеніміз суды 3 есеге дейін үнемдеуге болады деген сөз. Тамшылатып суару технологиясын жүзеге асыруға мемлекеттен арнайы субсидиялар да бөлінуде [6].

Ауыл шаруашылығын дамытып, ел экономикасына үлес қосу мақсатында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының да маңызы зор. Аталған бағдарламаның негізгі міндеттері:

1. Отандық өнімдерді сапалы етіп, экспорт көлемін ұлғайту, ішкі нарықты қалыптастыру;

2. Мемлекеттен бөлінген қаржыны тиімді пайдалану;
3. Су ресурстарын дұрыс пайдалану;
4. Логистика инфрақұрылымын жақсарту;
5. Ғылыми-технологиялық әдістерді қолдану;
6. Кадрлармен қамтамасыз ету;
7. Ауылдарды көркейту;
8. Қаржының қолжетімді болуы;
9. Аграрлық секторды ғылыми тұрғыда дамыту;
10. Өндіріс орындарын техникалық құрылғылармен жабдықтау секілді бірқатар міндеттер бойынша жүзеге асырылып келеді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – нарықта сұранысқа ие өнімдерді шығару, бәсекеге қабілетті өнімдермен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл бағдарламаның бірінші кезеңі биыл, яғни 2021 жылы қорытындыланады. Ал нақты күткен нәтиже 2027 жылы көрініс табады деп күтілуде. Өйткені мал басының көбеюі секілді құбылыстар үшін біршама уақыт керек екенін ескерілді. Дегенмен осы мерзім аралығындағы нәтижелер де көңіл көншітерлік деп айтуға келеді [7].

Елімізде ауыл шаруашылығы саласы бойынша қаржыландыру көзі болып табылатын бірнеше бағдарламалардың бар екенін айта кету керек. Соның бірі жоғары айтып өткен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының «Даму-микро» бағдарламасын да енді ғана кәсіп бастағысы келетін және бар кәсібін әрі қарай дамытқысы келетін кәсіпкерлерге берілетін үлкен мүмкіндік дей аламыз. Сондай-ақ, «Даму-лизинг» бағдарламасы да шаруашылығын шарықтатамын дейтін шаруаларға арналған бағдарлама. «Даму аймақ» бағдарламасы да ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге тиімді. Осы тұста «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының да көптеген пайдалы жақтары бар екенін айта кеткен жөн.

Кәсіпкерлік – экономиканы тұрақтандыру үшін қажетті басты факторлардың бірі. Сол себептен де мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін еліміздегі шағын және орта бизнестің рөлін күшейту арқылы ел экономикасындағы үлесті 35 пайызға, ал 2050 жылы 50 пайызға жеткізу керектігін айтқан болатын. Ауыл шаруашылығы саласын қолдауға арналған бағдарламалардың бірнешеуін атап өттік. Негізінде аграрлық саланы қаржыландыру бойынша көптеген бағдарламалардың бар екенін тілге тиек еткен жөн. Осы салада еңбек еткісі келетін, ауыл шаруашылығы саласы бойынша кәсіп жасағысы келетін азаматтарға да мемлекет тарапынан тиісті қолдаулар көрсетілуде [8].

Жалпы ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жылдан-жылға жақсарып келеді. Мәселен, биыл тұқым шаруашылығын қолдаудың

өзіне 11,8 миллиард теңге қаржы бөлінген. Егістік алқаптарының көлемі 186 мың гектарға үлкейтілген. Алдағы уақытта 22,8 миллион гектарға кеңейту жоспарланып отыр. «ҚазАгроҚаржы» Акционерлік Қоғамының ақпараттарына сәйкес, биыл жыл басынан бері қажетті техникаларды сатып алуға 24 миллиард теңге қаржы жұмсалған. Бұл қаражатқа ауыл шаруашылығына керекті трактор, комбайн секілді техникалар алынған екен [9].

Еліміздің бәсекеге қабілетті 30 дамыған елдің қатарына енуге ұмтылысы, әлемдік сауда ұйымына еніп, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше ретінде кіруі экономикамызды одан әрі қуатты ете түсуге талпындырады. Бұл еліміздің ауыл шаруашылығы саласына да үлкен жауапкершілік жүктейді. Себебі аграрлық секторды дамыту мемлекетті, экономиканы нық тұрғызудың бірден-бір жолы десе болады. Ал ауыл шаруашылығы саласының өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл салада басқа салаларға қарағанда тәуекелдік сипат басымдау. Өйткені табиғи апаттар, су тасқыны немесе құрғақшылық деген мәселелерді қай кезде болатыны беймәлім. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін инновациялық жобаларды іске асырған тиімді. Еліміздегі ауыл шаруашылығы өнімдері жыл сайын мезгілдің әсеріне байланысты жемісін беріп келді. Ал 2012 жылдан бастап өнімнің өсімі әр жыл сайын тұрақты болып, көлемі артып келеді [10].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Ауыл шаруашылығы экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек», - деген болатын. Ауыл шаруашылығының қашанда маңызы жоғары тұрады. Мысалы, мұнай секілді байлық көзі түбінде сарқылады. Ол мәңгі емес. Жылдар жылжыған сайын күллі әлемнің назарын азық-түлік қауіпсіздігі және ауыл шаруашылығы өнімдерінің жетіспеушілігі алаңдатып отырғаны жалған емес. Ал әуел бастан адамзатты асырап келе жатқан Жер-Ананың табиғи өнімдеріне деген сұраныс алдағы уақыттарда артпаса, кемімейтіні анық. Қазақстанның бәсекеге қабілетті болуы үшін, ел экономикасын әртараптандыру мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға басымдық берілу көзделуде. Сондықтан да ел дамуының маңызды саласы болып отырған ауыл шаруашылығының гүлденуіне барынша мүмкіндік жасалғаны тиімді.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаева Д. Бақуатты ауыл – қуатты Қазақстан // Егемен Қазақстан. - 2020. – 5 наурыз.
2. Ауыл шаруашылығы зор әлеуетке ие // 24.kz. - 2021.
3. // damu.kz
4. kaf.kz. «ҚазАгроҚаржы» АҚ сайтының ақпарат көзі.
5. Шаруаларға арналған бағдарлама // atameken.kz. - 2021.
6. // inbusiness.kz

7. Қазіргі жағдайдағы ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық мәселелері // articlekz.com

8. Ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, туризм // primeminister.kz. - 2021.

9. Ауыл шаруашылығы саласында оң өзгерістер бар // inform.kz. - 2021.

10. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы // enbek.kz

РЕЗЮМЕ

В статье описывается положительное влияние аграрного сектора на экономику страны. Кроме того, существуют финансовые и специальные программы, предназначенные для аграрного сектора страны. В статье рассматривается применение новых технологий в сельском хозяйстве, которое является основным сектором экономики, рост ВВП, экспорта, в целом работа, направленная на развитие предпринимательства через этот сектор.

SUMMARY

The article describes the positive impact of the agricultural sector on the country's economy. In addition, there are financial and special programs designed for the country's agricultural sector. The article discusses the use of new technologies in agriculture, which is the main sector of the economy, the growth of GDP, exports, in general, work aimed at developing entrepreneurship through this sector.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Спанова Лаззат Қабылбайқызы,
*экономика ғылымдарының магистрі,
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Экономикалық қауіпсіздік – экономикалық тәуелсіздігі мен тұрақты дамуына қауіп төндіретін ішкі және сыртқы факторлардан, процестерден, жағдайлардан қорғау. Экономикалық қауіпсіздікке төнетін қауіп мемлекеттік жүйенің басқару жүйесінің негізгі буындарының құлдырауы, ұлттық байлыққа нұқсан келу, технологиялық артта қалушылық, қаржы-несие, валюта жүйесінің бұзылуы, ғылыми әлеуметтік регресс, қоғамның ыдырауы, конституциялық әлеуметтік және кепілдікпен адамдарды қамтамасыз ете алмау сияқты ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындайтын қауіптің мүмкіндігі.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі – атқарушы билік органдарымен, төтенше жағдайлардың салдарын жою мен бөлу қауіпінің алдын алуға арналған қаражаттар мен күшті қамтитын экономикалық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі.

Экономикалық қауіпсіздік жүйесі - экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізуге бағытталған және нормативтік актілердің жиынтығы.

Экономикалық қауіпсіздік объектісі – экономика мен мемлекетті тиімді басқару жүйесінің аумақтық тұтастықты, егемендікті сақтауға ықпал ететін жағдайлар.

Экономикалық қауіпсіздік субъектісі-адам мен қоғам заңды-атқарушы сот билігі түріндегі мемлекет.

Көптеген авторлар экономикалық қауіпсіздікті экономикалық жүйенің сыртқы және ішкі факторлардың әсеріне тұрақтылығы ретінде сипаттайды, ал тұрақтылық оның дамуын болжайды. Егер экономика дамымаса, онда өмір сүру мүмкіндігі күрт төмендейді. Тұрақтылық пен даму экономикалық қауіпсіздік проблемасына серпінді көзқарасты талап етеді. Бұл, ең алдымен, экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері уақыт өте келе өзгеруі мүмкін және өзгеруі керек.

Экономикалық қауіпсіздік - бұл экономиканың ұлттық және халықаралық деңгейде әлеуметтік қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз ету қабілеті. Басқаша айтқанда, экономикалық қауіпсіздік - бұл ұлттық экономиканың тиімді динамикалық өсуіне, оның қоғамның, мемлекеттің, жеке тұлғаның

қажеттіліктерін қанағаттандыру, сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету қабілетіне, әртүрлі қауіптер мен шығындарға кепілдік беретін ішкі және сыртқы жағдайлардың жиынтығы.

Экономикалық қауіпсіздіктің қолда бар түсіндірмелерін бірнеше топқа бөлуге болады (кесте 1).

Кесте 1. Экономикалық қауіпсіздік түсіндірмелерінің топталуы

Топтар	Авторлар	Түсіндірмелер
Бірінші топ	Л.Абалкин және т.б.	Экономикалық қауіпсіздік ұғымын ел экономикасын сыртқы және ішкі қауіптерден қорғайтын жағдайлар жиынтығы ретінде тұжырымдайды
Екінші топ	В.Сенчагов, Г.Гутман және т.б.	Экономикалық қауіпсіздікті ел экономикасының өмірлік мүдделерін қорғауға мүмкіндік беретін жағдайымен байланыстырады
Үшінші топ	А.Городецкий, А. Архипов және т. б	Экономикалық қауіпсіздікті экономиканың ұлттаралық және халықаралық деңгейде әлеуметтік қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыруды қамтамасыз ету қабілетін білдіреді.

Ұлттық қауіпсіздік объектілері - адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары; қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет, оның конституциялық құрылысы.

Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіптің түріне байланысты оның пайда болуы мен қамтамасыз етілуінің мынадай салалары ерекшеленеді:

- экономикалық қауіпсіздік;
- әлеуметтік қауіпсіздік (бұған демографиялық ахуал, Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және т.б. кіреді);
- қаржылық қауіпсіздік;
- әскери қауіпсіздік (ядролық қауіпсіздікті қамтиды);
- ресурстық қауіпсіздік (негізгі құраушысы—энергетикалық қауіпсіздік);
- ақпараттық қауіпсіздік;
- азық-түлік қауіпсіздігі;
- ғылыми-техникалық қауіпсіздік (негізгі құраушысы—инновациялық қауіпсіздік);
- саяси қауіпсіздік (оның негізі құқықтық қауіпсіздік болып табылады, сыбайлас жемқорлық факторы ескеріледі);
- экологиялық қауіпсіздік.

Экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері (индикаторлары) - Ұлттық экономика жай-күйінің ішкі және сыртқы қатерлерден

қорғалу дәрежесін айқындайтын, олардың шекті және шекті мәндері асып кеткеннен кейін қатерлердің және қауіп төндіретін қауіптердің өсуі туралы алдын-ала сигнал беруге мүмкіндік беретін сандық және сапалық сипаттамалары.

Экономикалық қауіпсіздік мынаны көздейді: тұрғындардың азаматтық құқықтарын қорғауды, олардың елдегі әлеуметтік бейбітшілік пен қоғамдағы тыныштыққа кепілдік беретін өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруды; ұлттық мүдделерді басшылыққа қоя отырып ішкі саяси, экономикалық және ұлттық міндеттерді тиімді шешуді; Қазақстанның ұлттық мүдделеріне қатысы бар әлемдегі процестерге белсенді ықпал етуді; ҚР бейбіт шаруашылық байланыстарға теңдей құқылы интеграциясы жағдайында халықаралық еңбек бөлінісінің басымдықтарын тиімді іске асыруды, дамудың тұрақтылығын; ҚР экономикалық әріптестіктің өмірлік маңызы бар мәселелерде шетелдерден немесе қауымдастықтардан сыни тәуелділігіне жол бермеуді.

ҚР экономикалық қауіпсіздігінің жүйесі 2-кестедегі элементтерден тұрады

Кесте 2. ҚР экономикалық қауіпсіздігінің жүйесін құрайтын элементтер

Элементтер	Құраушылар
Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілері.	ҚР Президенті; Парламент; ҚР Үкіметі; атқарушы биліктің аймақтық органдары; ҚР Қауіпсіздік Кеңесі.
Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету объектілері.	тұлға, қоғам, мемлекет және экономикалық іс-әрекетті мемлекеттік реттеп отырғандағы институционалдық қатынастардың жүйесін қосқандағы экономикалық жүйе
Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық негізі.	ҚР Конституциясы, халықаралық құқықтың жалпы мойындалған қағидалары мен нормалары, ҚР халықаралық келісімдері, ҚР өзге де заңдары мен нормативтік-құқықтық актілері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қауіпсіздік саласында, өз құзіреттіліктерінің аясында қабылданған нормативтік- құқықтық актілер
Әсіресе ол әдеби салада сан алуан ғылыми трактаттар жазып адамзат мәдениетінің алтын қорына асыл мұралар қалдырды. Оның тұтастай шығармашылығы Шығыс-Батыс мәдениетін жалғастыратын грек ғылымы мен өнерінен бастап, өз заманына дейінгі халықтардың рухани қазына, мәдени байлықтарына терең бойлады, оларды еркін мүлде жаңаша түрде пайдалана білді.

Оның феодалдық дүниенің зұлымдық тәртіптеріне қарсы батыл наразылық толы ойлары әлемдік өркендеу мен бірлікке шақырған патриоттық сезімдерге толы гуманистік шығармаларды VIII ғасырдың екінші жартысы мен IX ғасырдың орта шеніндегі араб халифатындағы қоғамдық саяси жағдайлардың негізінде туды.

Жоғарыда айтылған даталар түгелдей дерлік ойшылдың өз басындағы шығармашылық өсудің ғана емес, олар жалпы мұсылман ғылымы мен өнерінің даму жолындағы ең маңызды деген кезеңдер еді. Мәселен, әл-Фарабидің Бағдатқа барған кезі ерекше кезең еді. Бағдат мұсылман әлемі, соның ішінде әсіресе Иран мен Орта Азиядан шыққан әдебиетшілер мен ғалымдарды өзіне тартқан кезі, яғни осы кезеңде Тыныштық /Бағдат/ қаласы ғылым мен мәдениеттің ірі орталығы болғаны мәлім.

Ол сол еңбегінде табиғат гармониясын зерттеуге ұмтылды. Оны поэзияда қоғамды азғырушы әзәзіл бейнесінде көрсетеді. Оның бейнесін әл-Фараби бірден өзгеше бояумен бейнелеп, сөйлеу мәнерін де басқаша береді.

Тіршілікте құрыштай боп төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,

Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған, - [1, 85 б.]

Сөйтіп, адамға деген кереғар екі түрлі көзқарас туындайды. Әзәзіл адамға, «бейшара, күні қаран», деп қарайды. Аздаған ақыл адамды айуаннан алыстата алмайды, оны бақытқа жеткізе алмайды. Соған қоса ол «ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда» деп адамды мүлде менсінбейді.

Адамды бұлай бағалау сөз жоқ, сол қоғамға тән пікір. Яғни «талпынған жан адаспай тегі тұрмас» деген сөздерді Тәңірі ауызға салу арқылы әл-Фараби адам адасса да көптеген қателіктерге ұрына отырып, ақырында шындыққа жетеді дейді.

Ол адам баласының, оның жасампаз күшіне шексіз сенетіндігін танытады. Осындай адам тағдыры, оның өмірдегі ерекше орыны туралы талас-тартыс туындының негізгі арқауына айналады. Тәңір мен әзәзіл арасындағы бұл талас, дана тағдыры арқылы өз шешімін тапқан.

Дана нақты жеке тұлға сонымен қатар, ол бүкіл адамзат символы. Өз қаһарманының қиямет жолын көрсете отырып, әл-Фараби «ізгі қалалар» тұрғындарының типтік бейнесін жасайды, оларды жеке-жеке даралай келіп, жеке бір адам ретінде өмірінің мәні туралы ғана емес, адамзат тағдырына қатысты жалпы өмір, бақыт, адам жайлы мәселелерді толғайды.

Осындай аса зор қоғамдық, философиялық мәселелерді қозғағанда, дана бейнесін әл-Фараби тектен-тек алып отырған жоқ.

Оның ойынша, дана дүмшеліктің тиым салуына құлақ аспай, табиғат құпиясының сырын ашуға ұмтылған керемет күш сияқты. Және де рухани, әрі тән езгісіне қарсы бағытталған қайсарлық, қарсылық айғағындай. Оның басынан кешірген оқиғалар арқылы адам жай күйкі қиял пендесі емес, өз күш қуатына сенген, қайырымды тұрғындардың /халықтың/ шексіз сенімін бейнелеп көрсетеді.

Дана халықтың қамқоршысы, жаны ізгі, ақылы сергек ұлы гуманист адам. Яғни, «Дананың өмір жолы - өмір мәнін, шын мәніндегі адам бағытын іздеудің өз жолы. Бұл жолы әрі ұзақ, әрі қиын, шегетін азабы, күмәні мен күдігі мол, талай-талай, «қыл көпірлері бар» күрес жолы». Сан алуан сатылары, бұралаң бұрылыстары мен қиялары, өрі мен ылдиы, биік нысанасымен сипатталады.

Дана алдымен өмір сырын ғылым арқылы табуға ұмтылады. Ол ғылымға өзінің бар өмірін сарп етеді. Заманының бар білімін меңгерсе де қанағаттана алмайды, өйткені халқының тұрмысының неге түзелмейтіндігін өзі шешкісі келеді. Лек-легімен құйыла келіп, толқындай тасқындап жататын дана ойлары оның жан дүниесіндегі арпалысып жатқан күрестен елес береді.

Әл-Фарабидің әдеби мұрасы өзінің жан-жақтылығымен /энциклопедизммен/ айырықша көрінеді. Оның жан-жақты

білімдарлығы сан-салалы білімдер саласын қамти келіп, сол кездегі-философия, логика, математика, жаратылыстану, эстетика, музыка, әдебиеттану ғылымдарының дамуына да іргелі негіз қалайды.

Оның эстетикалық көзқарастары тікелей философиямен қатысты, ал философияның мақсаты-адамның ақыл ойын жетілдіру болса, ал бақыт дегеніміз адамның қолы жетуіне қабілетті келетін ең жоғарғы игілік.

Әл-Фараби өмірді жан-жақты зерттеу арқылы оның аса маңызды теориялық және практикалық жетістіктерін ашты. Ол өнерді музыкалық, әдеби /поэтикалық, риторикалық/ түрлерге бөле келіп, оны теориялық жақтан негіздеуге жол салды.

Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұраларының теориялық негізі эстетиканың заңдылықтарына сүйенеді.

Ал, оның өзі философия терминдерімен байланысты алынады. Олар: абстракция, анализ, және синтез, индукция және дедукция, аналогия жинақтау мен нақтылау, үшінші ой қорытындысын жасау сияқты және т.б. ұғымдарды қамти алады.

Өз елінің оның ішінде біздің халқымыздың ақыл-ой қабілеті мен адамгершілік парасаты, өмір салты мен тарихи ғұмыр көші барша болмыс бітімімен оның әдеби мұраларында көрініс тапқан.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар [2, 32 б.].

Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма,
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?!
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желіккен жерге тықпас кісің бар ма?! [3, 274 б.]

Дүние, кудым сені жалықпай-ақ,
Судағы ұстатпайсың балықтай-ақ.
Біреуге мал мен басты түгел беріп,
Қойыпсың кейбіреуді жарытпай-ақ [4,172 б.].

Бір таланттың төл туындысындай көрініп бір-біріне егіздің сыңарындай ұқсайтын осынау үш шумақ өлең философиялық түйінімен де көркемдік дәрежесімен де бірінен-бірі асып түсіп тұрған жоқ па?

Біріншісі, А. Нысаналиннің аударған әл-Фарабидің төрт тағаны. Екіншісі, Абай өлеңінің бір шумағы. Үшіншісі, қазақтың қара өлеңі. Үш шумақтың да айтқаны - өмір шындығы, паш еткені, ескі қоғамдағы теңсіздік.

Өмір шындығын барынша болмысымен тани отырып, ақиқат сырына сәйкес /адекватты/ бағасын беру, оны таныта білуі. Оның

рухани мұрасы халықтардың әлеуметтік өмірімен, табиғи ортасымен сабақтасып жатқан осы рухани мұрасының сипаттамаларын оның әдеби мұрасы ретіндегі құбылыс деп қарау орынды.

Сондықтан да оның осы негізге сүйеніп ілімге арқа сүйенген оның эстетикасы, дәстүрлі өнер түрлері-әдебиет, кескіндемені, музыканы, сәулет өнерін және басқаларды саралағанда тек қана қоғамдық сананың көрінісі деп келетін немесе өмір шындығының көркем образдар арқылы бейнеленуі деп келетін тұжырыммен шектелмейді. Себебі, өнер өмір шындығын танытудың образды формасы дегенде-шындықтың ғана бір қыры көрінетіндей.

Әл-Фараби өзі айтқандай, нағыз өнер өз қасиетінен, өз заңдарынан туындайды, сонымен бірге сұлулық заңдылықтары да саналы өмірдің ажырамас сыңарындай. Әлгі өнерді өмірмен кескіндес дейтініміз де сондықтан. Кез келген суреткер жоқтан бар жасай алмайды.

Оның ой санасы, қабілет-қарымы тудырған қанатты өнері ғана өмірден нәр алып өмір сүре алады. Қас өнердің авторы қашанда өмірдің өзі, әл-Фараби нақтылы өмірдің болмысы нағыз суреткердің махаббатынан, шабытынан туған қиялына қанат болып отырғанын айтады.

Адам өмірі тым қысқа болғанымен, оның рухани өмірі ұзақ, себебі ол жалпы рухани үрдіс бірнеше ұрпақтың қатысуы арқылы қаланады, тіпті кейде бірнеше халықтар арқылы жасалып жатады. Бұл орайда белгілі бір идеял, арман-аңсар, бірнеше ұрпақтың өмір тіршілігінен көктей өтіп барып рухани тұлға ретінде танылады.

Жігіт енді өткен бала күніне шегініс жасап қарауы: бір кездегі асау желмен жарысып, арғымақ жалында ойнап, көкпар тартқан кездерін де еске түсіреді. Ол енді орала ма, жоқ па? Кіндік қаны тамған туған жерге қарай-қарай көкірек көзіне түскен от жалынын сабырлықпен басып, келер күнге жол тартады:

Қашықтасың туған жер-қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен қанатым талды менің,
Шаңғыт жолға сарылып қарауменен; - [1, 83 б.]

Лирикалық қаһарман мінезі, аумалы-төкпелі замана тынысы, қоғамдық мәселелердің уақыт талабы тұрғысынан қараған ақын мұраты, оның көзқарасымен қауыша қабыса жырлаған. Мұндағы ең негізгі, ең басты мәселе – ақынның лирикалық бейнесінің шындық үстінде нақты қалыптасқан мызғымас берік көзқарасы.

Ол өзін де осы өмірдің өз қоғамының реттеушісі ретінде сезінген сыршыл ақын. Ол жай қатардағы адам емес, рухани жауапты өмір жыршысы, өмір иесі болып сөйлейді. Ол қолы жеткенге мүсе тұтпайды, оған өзінің де көңілі тола бермейді.

- Тірелеміз шешусіз көп түйінге,

Іске аспаған асыл тасқа сүйінбе.

Айтса да әркім ойға берік түйгенін,

Ең басты сыр қалар жұмбақ күйінде [2, 38 б.].

Алайда, сол ақиқатты ақылгөйлікпен айтып тұрған жоқ. Образды ойға бағынған /силлогизм/ тәсілімен жеткізіп тұр. Мәселен, А – дегеніміз - дүние шексіздігі, оны тану данаға ғана тән қасиет, В – дегеніміз қыры-сыры көп өмір жолы, С – дегеніміз - өмір сырын танып болмаған адам болмысы. Осы өлеңнің әдеби көркем жанр ретінде айғақтайтын, әрі образбен ой өрген төл сипатын даралайтын қасиеттерінің бірі осы. Оның образы-силлогизмнен тұратын көркемдік ерекшелігінде. Танымның дұрыс жолы-зат, ол адамды адастырмайды.

Ал, кісі ретінде ізгіліктің, пәктіктің, махаббаттың символы көбінесе, табиғат, тіршілік дүниесі тілге тиек болады:

Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең,

Сезініп мен демінді гүл атқанмен,

Оның өзі бір-ақ сәт... содан кейін,

Мұңды әуенді жалғаймын бірақ та мен ... [1, 85 б.]

Көңілдегі қимас сезімді елдің қашықтығы да ұмыттыра алмайды, елдің жырақтығы жаңғырығы мен көрініс береді. Шын сезім ешқандай қашықтыққа бағынғысы келмейді-үн жаңғырығы метафора, гүл-символдық бейне, қимас сезім жанды толқытса да ол келешекке алға жетелейді.

Тамылжып бал тыныштық айналамнан,

Тылсым түнге құшағын жайған далам.

Мен жатамын ұйқысыз жапа-жалғыз,

Жанымды ой жарығы аймалаған [1, 85 б.].

Осы жердегі бейнеге ой елесі бір-біріне қарама-қарсы мәнде қолданып, тылсым түн әлі сыры ашыла қоймаған дүние, ой жарығы дананың ойы. Түн-жарық, фигура-мураатаназир/ екі жақты өлшем-симметрия. Екі жақты ұдайы сезім /қаратүс/ символ болса, жарық игілік. Сол кездегі наным бойынша екі жақты түрде қаралады.

Ең алдымен, әл-Фарабиді IX ғасырдың басындағы ислам дәуіріндегі қазақ әдебиеті тарихында өз орны бар, ұлы фәлсафашы ағартушы – ақын деп танимыз.

Ол өзінің рухани жолында, негізінде – хакім, ағартушылық бағытты ұстап, сол бүкіл мұсылман /түркі/ халықтарының ауыр тұрмысын өмірлік шынайы да шыншылдықпен терең көрсетті.

Барша мұсылмандарды оқуға, өнер-білім алуға шақыра отырып, дүмше діншілдерді қатты сынға алды.

Екіншіден, ақын мұсылман поэзиясында әлеуметтік-қоғамдық /философиялық / сарындарды мейілінше күшейте өткірлей түсті. Сонымен бірге ол мұсылман лирикасының ішкі мүмкіншіліктерін молайтып, оны /философиялық/ жаңа сатыға көтере білді.

Үшіншіден, мұсылман /түркі/ көркемөнер және ғылыми мұрасының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді.

Оның «Сөз - ғылымдардың классификациясы туралы» еңбегі мен «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактаты» деген еңбектері оның ғылыми стильде батыл барлау жасап, іздену үстінде іске асқанын, рухани табысқа жеткенін көрсетеді, бірақ бұл екі туынды да көркем шығарма емес, ғылыми еңбек. Осы еңбектер сол кездегі мұсылман дәуірінің әрі энциклопедиялық, әлемдік рухани аса зор табысы.

Төртіншіден, ғалымның бұл туындылары мұсылман /түркі/ ғылыми әлемдік трактатының қалыптаса түсуіне де мүмкіндік жасағаны да рас.

Осылайша, ұлы күрескер ақын өзінің әдеби мұрасын өлең тілімен бүгінгі бізге жеткізсе, кейіннен оны ғылыми /эстетикалық/ жолмен жалғастыра түскен.

ӘДЕБИЕТ

1. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. - А., 1991.
2. Әбунәсір әл-Фараби. Трактат және өлеңдер / Ауд. А.Нысаналин. -А., 1974.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. - А., 1961.
4. Қара өлең / Ел аузынан жинап құрастырған О. Асқар. - А., Жазушы, 1989.

РЕЗЮМЕ

В данной статье авторы рассматривают духовный мир Аль-Фараби.

SUMMARY

In this article the authors examine the spiritual world of Al-Farabi.

НЕКОТОРЫЕ ПРИЁМЫ РАЗВИТИЯ РЕЧИ

Шумейко Надежда Емельяновна,
кандидат филологических наук, доцент
Кызылординский университет «Болашақ»;
Мажиева Седа Сулейменовна,
учитель
школа имени Абая (г. Кызылорда)

Все виды речевой деятельности ведут к овладению языка. Приёмов для развития речи множество. У каждого учителя имеются и свои, наработанные опытом пути в решении такой задачи.

В статье предлагаем некоторые приёмы обогащения лексики по видам речевой деятельности, которые основаны на использовании номинативного ряда в языковом поле цвета.

Номинативный ряд – это цепочка разных по форме наименований, но содержащих тождественное значение. Вариативность – это признак богатства речи. Чем больше носитель языка использует разных вариантов для обозначения одного и того же значения, тем краше и богаче его речь.

Примеры номинативного ряда: *вишневого цвета – цвета вишни – цвета переспелой вишни – цвета темной вишни – цвета ранней вишни и т. д.; асфальтового цвета – цвета асфальта – цвета мокрого асфальта и др.*; Номинативный ряд открыт, так как его легко продолжить. К примеру, *солнечный – цвета солнца, а далее легко продолжить этот ряд конкретизирующими определениями: цвета восходящего солнца – цвета заходящего солнца – цвета яркого солнца, цвета тусклого солнца - ...*

Как видно, формы единиц в номинативном ряду легко создаются. В современном русском языке, кроме художественных текстов, часто используются в рекламе яркие языковые формы для описания цвета (в индустрии моды на автомобили, одежду и обувь, красителей для волос, помады и т.д.).

В каждом языке есть определённое количество прилагательных, обозначающих цвет. В одних языках больше таких слов (10 и более), в других меньше (1-2). Это зависит от многих факторов. Например, у северных народов (ненцев, тунгусов и др.) только для изображения цвета снега имеется более 50 обозначений. Глаз человека различает несметное количество оттенков, для которых нет слов в составе прилагательных. Поэтому, чтобы точнее описать объекты реальной действительности (пейзаж, портрет, явление природы, интерьер комнаты и др.) носитель языка использует метафорические единицы:

агатовые чёрные глаза (Л. Толстой); алебастровые руки (М. Шолохов); алюминиевые туфли (А. Проханов) и пр.

Кроме выше указанных форм, создаются аналитические, или описательные структуры, состоящие из нескольких слов (пример: глаза цвета моря в ясную погоду..., кожа цвета носика морской свинки, глаза цвета доллара, и др.).

Подобные языковые структуры встречаем прежде всего в художественных произведениях. Художники слова, писатели и поэты, - творцы литературного языка, - довольно часто использовали такие формы для описания. В настоящее время рекламодатели легко создают аналитические описательные структуры.

Структура сложных форм проста. Постоянным элементом таких единиц является слово «Цвет». Это слово используется как составная часть, как связка, которую можно привязать к огромному количеству описываемых объектов реальной действительности.

Как было сказано выше, нередко такие единицы выполняют заместительную функцию в том случае, когда глаз человека дифференцирует признак, однако в языке нет формы для описания цветового значения, то есть в структуре языка имеется пустая клетка – лакуна. Либо метафористические прилагательные, либо многословные структуры заполняют белые пятна в языке:

кофта цвета бордо (М. Горький) – X (однословной формы нет);
брюки цвета хаки (М. Шолохов) - X (однословной номинации нет);

куртка цвета корицы (О. Уайльд) - X

горы цвета пустыни (У. Квятковский)- X,

лицо цвета сушеных водорослей (Р. Чандлер) - X

зубы цвета тления (У. Голдинг)- X

глаза цвета вишни (А. Проханов) - X

шея цвета опалённой гусятины – (А. Толстой) – X

лицо цвета пемзы (М. Горький) – X

петух чёрный с золотом (А. Куприн) – X

ягода чёрная с синим налётом (В. Солоухин) – X

зубы цвета старых фортепианных клавиш (А. Куприн) - X

На уроках литературы особое место уделено работе с текстом, анализу художественных особенностей произведений (поиск эпитетов, метафор). Лексико-семантическое поле цвета в этом смысле является интересным материалом для развития речи.

Предлагаем примерные задания по разным направлениям речевой деятельности.

Развитие лексических навыков

Задание 1. Подобрать как можно больше синонимов к следующим словам: например, красное знамя – кумачовое, пунцовое, алое...

золотая рожь – (янтарная, ...), багровое зарево – (кровавое, ...), шоколадный загар – (цвета шоколада,.....), красные розы (алые, цвета мака,.....), жёлтые колосья (золотые, ...), лазурное небо (цвета лазури, голубое, цвета неба...)

Задание. С помощью толкового словаря установить значение слов:

беж, хаки, терракота, пурпур, бордо. Образовать от них прилагательные, обозначающие цвет (если возможно), и включить их в состав словосочетаний. Какие из них не изменяются и не образуют полной формы?

Задание. Определите по словарю смысл фразеологических единиц: *белые воротнички, белая смерть, белые пятна истории, белая ворона, чёрный день, чёрный вход, чёрное золото, чёрный труд, красная книга, голубые береты, голубая мечта, голубой вагон, синяя борода, синяя птица, желтая пресса;*

Задание. Указать различие в значении слов синонимического ряда, обозначающих *коричневый цвет и его оттенки, придумать предложения с этими словами: Коричневый, карий, каштановый, ореховый, шоколадный.*

Задание. Составить словосочетания с данными словами в прямом и переносном смысле (например, *сиреневый запах – сиреневый галстук*).

Золотой, песочный, кирпичный.

Задание. Объяснить различия в оттенках значений слов *фиолетовый - лиловый – сиреневый.* Придумать словосочетания с этими словами.

Задание. Пользуясь «Словарём русского языка» С.И.Ожёгова установить, каковы различия в значениях слов *бежевый – песочный, бурый – кирпичный,*

огненный – оранжевый.

Развитие навыков устной речи

Задание. Прочитать текст. Указать слова, называющие цвет. Скажите, почему такое утро?

«Утро белое, пушистое и радостно светлеет. Я вспомнил, что белый снег белым почти не бывает, он бывает то пепельным, то розовым, то почти синим, смотря потому, каким в этот час было небо».

Задание. Устно придумать рассказ с использованием цветообразующих наименований на тему «Осенний (зимний, летний, весенний) сад».

Навыки чтения

Задание. Прочитать фрагменты текстов. Найти языковые единицы, обозначающие цвет.

«На угловом балконе под ветром хлопают простыни, ало-розовые, облитые малиновым соком заката».

«Да, в ней и в самом деле было что-то: русалочки – пепельные косы, кое-как заплетённые...».

«Перед домом расстился густо-зелёный луг».

Задание. Прочитать словосочетания, подобрать однословную тождественную форму (если такая есть в языке: например, туман цвета молока – молочный туман, ручка цвета перламутра – перламутровая ручка).

цвета хаки, цвета солнца, цвета лимона, цвета кофе;

Жидкость цвета янтаря, цветок цвета мака, мгла цвета стали, бархат цвета персика, рубашка цвета кофе, глаза цвета васильков.

Развитие навыков письменной речи

Задание. Напишите фразовый диктант.

шоколадного цвета – цвета шоколада – цвета горького шоколада – цвета молочного шоколада;

кофейного цвета – цвета кофе – цвета кофейного зерна;

цвета моря – цвета моря в ясную погоду – цвета морской волны – цвета морских глубин – цвета морской волны с рассыпанными по нему золотыми блестками;

небесного цвета – цвета неба – цвета осеннего неба;

Задание. Описать картину зимнего пейзажа. Используйте в своём сочинении слова, обозначающие различные оттенки голубого, белого, розового цвета (например: лазоревое (небо), жемчужные (берёзы), коралловые (ветки), сапфировые (тени) и др.

Задание. Назвать прилагательное, которое определяет цвет данного ряда существительных. Построить сравнительные словосочетания.

1. Снег, молоко, сметана, творог, соль, мел, сахар (белый, как снег; белый, как молоко; белый как сметана; и др.)

2. Кровь, огонь, зарево, пожар.

3. Дёготь, сажа, смола, ночь.

Задание. Составить словосочетания со следующими прилагательными: *белый, молочный, седой*, – употребляя существительные: туман, голова, борода, усы, волосы, тучи, кудри, брови, облака, стекло, сугробы, парус, платье, кожа, мука, хлеб.

Задание. Указать в предложениях цветové наименования. Выписать и расширить номинативный ряд, включая в него уточняющие слова:

«Посмотри, Суламифь, на эти сапфиры, одни из них похожи цветом на васильки в пшенице, другие цветом осеннего неба, иные моря в ясную погоду» (И. Куприн. Суламифь).

«Степан, сверкая одним глазом (другой затёк опухолью цвета недоспелой сливы), отступал к крыльцу.» (Шолохов М. Тихий Дон)

Лексико-семантический материал открывает большие возможности для творческой работы на уроках, так как идея и краски даны жизнью. Видение цвета бесконечно и разнообразно, значит, язык цвета неопределен.

ЛИТЕРАТУРА

1. Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке. – М.: Логос, 2003. – 304 с.
2. Костомаров В.Г. Активные процессы в современном русском языке. – М., 2001.
3. Кронгауз М.А. Семантика. – М.: Академия, 2005. – 352 с.
4. Лосев А.Ф. Языковая структура. – М.: МГПИ, 1983. – 376 с.
5. Никитевич В.М. Основы номинативной деривации. – Минск: Вышэйшая школа, 1985. – 157 с.
6. Уфимцева А.А. Семантика слова // Аспекты семантических исследований. – М.: Наука, 1980.
7. Серебренников Б.А. Языковая номинация. Общие вопросы. – М.: Наука, 1977. – 358 с.

РЕЗЮМЕ

Мақалада бір сөзден тұратын түс атаулары, атаулардың жасалу техникасы, олардың коммуникациядағы (қарым-қатынастағы) қызметі және мағынасы қарастырылады. Сонымен қатар, олардың түс жүйесіндегі ролін, қолданысынан туындайтын себептері талқыланды.

SUMMARY

The article discusses the names of colors, consisting of one word, the technique of creating names, their function and meaning in communication (relation). In addition, discussed their role in the color system, the reasons arising from their use.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Тайманова Сара,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Қожан Гүлназ,

студент

Қызылорда «Болашақ» университеті

Қазақ әдебиеті тарихында ыбырайтану ілімінің негізі ғалымның көзі тірісінде-ақ басталды десек болады. Оның ағартушылық дүниетанымы, көзқарасы, білімі орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық идеяларымен қалыптасты. Орыстың ағартушы-ғалымдарының еңбектерімен жете танысқан Ыбырайдың ұстаздық қызметке бет бұруы оның туған елі мен оның келешегіне деген жанапшылық махаббатынан туса керек. Атасы Балқожаның ақ батасын алған Ыбырай – талай ғасыр қараңғылықта отырған еліне тұңғыш рет шырақ жағып, сәуле түсіруші. Ол тұңғыш рет туған халқын ауыр ұйқыдан қоңырау қағып оятуды мақсат етті. «Кел, балалар, оқылық!» деп ұран тастады. Оның осы мақсат-мұраты жолындағы күресін ағарту ісіндегі көзі қарақты әкімдер мен ұстаз-достары, орыстың озат ойлы азаматтары ғана көрді. Қазбек сияқты ел жақсылары қолдады, Сапақ мырза сияқтылары жауласты, жолына кедергі келтірді. Ыбырай өмірінің осындай қилы кезеңін көркем шығармаға арқау еткен, Ыбырай мектебінің шәкірті, ақын Ғафу Қайырбеков болды. Ыбырайдың көркем бейнесі арқылы оның кім екенін туған еліне танытуда ақын Ғафу Қайырбековтің үлесі зор. Оның 1957 жылы «Дала қоңырауы» атты кітабы Ы. Алтынсарин өміріне арналған еді. «Дала қоңырауы» – әдеби жанры жағынан поэма. Ал сюжеттік ауқымы жағынан роман десе де болғандай. Поэманың Кіріспе бөлімінде ақын:

Ұлы адам! Енді қалам, сыяменен,

Қуат ап құдіретіңмен құям өлең.

Кеудемнен көтерілді дауылды күш.

Өзің боп ойы биік, қиялы өрен, -

деп бастайды. Ақын бала күнінен ойы терең, қиялы өрен Ұлы адамның құдіретіне табынады. Оның есімі бала күннен таныс, өйткені білім дариясының бұлағы Ыбырайдан басталады.

Поэманың бірінші тарауы «Далаға сапар» деп аталады. Бұл тарауда қыстың қаһарлы күнінде Орынбордан Торғайға аттанған Ыбырайды көреміз. Қасында көшір Мықтыбай. Осынау қарлы өлкеде, құла түзде, теңізде жүрген дара кемедей ізін салып келе жатқан қасқыр ішікті Ыбырайдың Торғай даласынан іздегені не еді?.. Торғай

елі оны қалай қарсы алды деген мәселелер төңірегінде «Алғашқы таныстар» тарауында ой өрбиді. Бұл тараудың эпилогы ретінде ақын «Торғайда әкімдер бар сарыла шен, Паранды бара қалсаң, ала бар сен» деген ел өлеңін алады. Бұл осы тараудың кілті секілді. Шынында да, Торғайға келген Ыбырайдың алғашқы кездескені уездің орынбасары, оның әйелі Маша болды. Ол қазақ даласына мектеп ашуға келгендігін баяндады. Оның бұл арманының орындалуына күмәнмен қараған уезд бастығының орынбасары:

– Іс қой бұл азабы көп, әуре сарсаң,
Шарт сынар әкімдікке, белге салсаң.
Жанашыр жақсылықты ұғар, бәлкім,
Өзің біл, еліңменен тілдесе алсаң, -
деуі алда әлі талай қиындықтар болатынын сездіргендей.

«Көпшілік көңілі» деп аталатын үшінші тараудың кілт сөзі: «Көңілді жазбай танитын, Ақылды жан қайда бар?» деген Есенжол ақынның сөзі. Бұл тарауда Ыбырайдың жиналған жұртқа елге келген мақсаты – мектеп ашу екені баяндалады. «Қаржы табылар-ау, бірақ орыстың оқуына берер балам жоқ» дейтін Сапақ мырза сияқтылардың үні шыға бастады. Жаңалықты қолдаған, Ыбырайдың көңілдегі түйткілін шешкен Қазыбек би болды.

– Ала ауыз, алты бақан, байғұс қазақ,
Мектеп аш, бар балаңды білімге жи!
Қисайып, өнер ме екен, қыңыр тартқан?
Онсызда істі бұзып қиын жатқан,
Көрсеткен, Сапақ мырза, бұл қай бойың
Жарыла, шыға шауып жиын топтан?!
Ел қамы, қауым қамы деген жерге,
Бірігіп, тоспайсыңдар неге кеуде?!
Алыстан айқай қосып, жақын келсе
Жым болар жұрт аз ба еді жеме-жемде!
Ыбырайдың талабы оң, қоста бәрің!
Жосықсыз, шығармандар оспадар үн!
Білмесе неге келді алыс жерден
Тілектес ел табарын, дос табарын!–

Қазбек ақсақал – халықтың өкілі. Ол Ыбырай маңына бірін қалмай жиналындар деп, алғаш қолдау білдіріп, дағдарып тұрған елге жөн сілтеді. Көпшілік ортасынан он төрт бала тіркелді. Қалғандары кейін көрерміз деп ығысып шығып кетті.

«Мал секілді халыққа оқу дарушы ма еді, бос әурешілік» деп түсінетін шенеунікке түсіндіру қандай болса, ел ішінде де Сапақ мырза секілділерге түсіндіру Ыбырайға оңай болған жоқ. Бірақ Ыбырай алған бетінен қайтқан жоқ. Өзінің ұлы жолда тұрғанын анық сезінген ағартушы бар қайратымен, қайсарлық, табандылық танытып, кедергілерге төтеп бере білді. Ақын Ыбырайға бүкіл халықтың көзін

ашу оңай болмағандығын баяндайды. Ақын бұл поэмада тек тұңғыш мектептің ашылу тарихын поэма сюжетіне арқау еткен.

Автор Қазақ даласында қараңғылықты оқу-ағарту ісі арқылы жеңуге талпыныс жасаған тұңғыш Ыбырай екенін, оның көркем бейнесін шынайы ортадан тым алшақ суреттемейді. Ыбырай жалғыз еді. Патша өкіметі мен оның ағарту ісіндегі әкімдері, өзінің достары мен ұстаздарының арасындағы ойлы, көзі қарақтылары ғана Ыбырайды қолдады. Олар қазақ деген халықтың талантты халық екенін мойындады. Жаратылысынан алғырлығын, зеректігін, Ресей әкімшілігіне ұғындырып, дәлелдеп шығаруда Ыбырайдың орасан еңбегі зор. Поэмада біз ағартушы Ыбырайды ғана емес, ұлтын сүйген, оның келешегіне жаны ашыған күрескер Ыбырайды да көреміз.

Сонымен қатар билік тарапынан да Ыбырайға түрлі қысымдар жасала бастайды. Олардың қойған шарты – елді шоқындыру, орыстандыру. Поэма қаһарманы сырттай көнгенсіген болғанмен, оны ұлт мүддесін шешуге бағыттап, елді сауаттандыру мақсатына пайдаланды. Амалы таусылған олар енді Ыбырайды өз халқына шағыстыра бастады. Қол сандығы мен қапшығына, столына крестер тағып, қазақтан шыққан жандайшаптарға сабатты, үстінен домалақ арыз жазғызды. Дегенмен Ыбырай таңдаған жолы мен мақсатынан айнымады. Бұл тұста біз табанды, күрескер Ыбырайдың бейнесін көреміз. Бұл әсіресе поэманың «Тартыс» деп аталатын тарауында жан-жақты көркем суреттелген.

Иван Алексеевич Яковлев Ыбырайдың білімді жас екенін мойындайды, бірақ көпке жарық беру жалғыз адамға оңай еместігін ескертеді. Әлі де өзінің білімін жалғастыруға, ғылым жолына түсуге ұсыныс жасайды. «Менің де сендей балам бар, әкендеймін. Бұл машақатты таста, өзіңе қамыт ілме» дегенді айтады. Сонда ол:

«Білім қу, ұзап оқы!» дейсіз маған,
Әкемдей Орынборда болған адам,
Бұл сөзді Григорьев көп айтқан-ды,
Мектепті мен шығарда етіп тамам.
Кісі еді ол көкірегі нұрға біткен,
Айнымай, майда мінез бір қалыппен,
Сіңірді маған білім, еңбек талай,
Бір әке сондай болар ұлдан күткен.
Дайындап, французша тіл үйретіп,
«Бұл тілде бар қасиет, білім жетік,—
Деуші еді – Петербург өзіне бар,
Аласың ақыл-сана, буын бекіп!»—

дегенін айтып, ұстаздарының тілін алмай, туған даланың қасиетті халқының тағдыры үшін осы жолды таңдағанын айтады. Бұл үзіндіден Ыбырайдың озық ойлы, талапты жас болғанын, ұстаздарына деген ілтипатын аңғарамыз. Екіншіден, жас кезіндегі күш-қайратын осы

елге қызмет етуге арнаған, қандай қиындық болса да төзуге бел байлаған Ыбырай бейнесін көреміз.

Ру мен руды, орыс пен қазақты біріне-бірі айдап салған Сапақ сияқтылар Ыбырайдың ісіне көп кедергі келтірді. Оның үстінен үшбұхат жіберіп абақтыға да қаматты. Сонда да Ыбырай мойымады, төзімділік танытты, таңдаған жолынан, алға қойған мақсатынан айныған жоқ. Сабырлы, ұстамды Ыбырай барлық қиянатқа төзді, қайрат танытты, ел алдындағы борышын түсінді. «Кел, балалар, оқылық!» деп надандықпен күресті.

Ыбырай қазақ халқын орыстың озық мәдениетіне жақындатқысы келді. Жарық, сәуле сол жақтан түсіп тұрғанын сезді. Ел-жұртымен бірге мектептің іргетасын қалады. Білімді кешіктіру обал, бүгін он бала білім алса, сол он бала өзгелерге жарық беріп, сәуле шашады деп ұғындырды.

Мектепке ең қажет оқулық керек екенін түсінді. Осы тұста ол Орыс әдебиеті мен ағартушыларының еңбектерінен үлгі алды. Екі елдің арасын достастырушы дәнекер де бола білді. Оқыта отырып тәрбие берді. Қыздар үшін де мектеп ашты.

Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ және орыс тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысты. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдеді. Ыбырай мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұқты. Бұл оны жігерлендіре түсті. «Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды. Мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр», – деп жазды [2, 254 б.].

Поэманың 9-тарауы «Ел алғысы» деп аталған. Бұл тараудың эпиграфы етіп Ғафу Отыншы ақынның:

«Ыбырай исі қазақ ұстазы еді,
Білімнің төрт құбыласын ұстап еді,
Тәңірім талабына хоштық берсе,
Ғарышқа қанат байлап ұшпақ еді», -

деген өлең жолдарын алады. Торғайдағы қиын да мағыналы өмірінің нәтижесі баяндалған.

«Эпилог» бөлімінде: Алтынсарин өмірін баян еткен, сол мектептің шәкірті, осы шығарманың авторы Ғафу екені баяндалған.

Ақын Ғафу Қайырбеков кейін бұл тақырыпқа тағы да өлең жазды. Бұл өлең алдыңғы ойдың жалғасы тәрізді.

Арқада бір өзен бар
Аты оның – Көк Торғай

Сол Торғайдың жағасында тізілген ақ қалада ойнақ салған балалардың шат күлкісі естіледі. Ол – жұрт үлгі алатын «Дала қоңырауы» деп аталатын пионер лагері. Автор осы лагерьдегі ән үйреткен, би баптап, тақпақ айтқан, күй тартып, салют-сәлем берген,

білімнің бәрін қадір тұтқан оқушылардың бақытты балалық дәуірін суреттейді.

Салады еске немесе

Сол даладан самғап үн:

Орындалған он есе

Данышпанның арманын, -

Ыбырай арманының өміршеңдігі баяндалған. Бүкіл өмірін ағартушылық-педагогтік жолға арнаған Ыбырай еңбегінің баянды болғанына көзің жетеді.

Қорыта айтқанда, ұлттық мектебіміздің іргетасы Ыбырайдан басталғанын танытатын көркем туындыда Ыбырай бейнесі шынайы суреттелген. Оны ұлттың болашағын ойлаған ұстаз деп танимыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Қайырбеков Г. Көп томдық шығармалар жинағы: 7-том. - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. – 384 б.

2. Қоңыратбай Т.Ә. Ы.Алтынсарин – қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері / Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Том I. – Алматы: «Қазығұрт», 2003 – 240 б.

РЕЗЮМЕ

В статье авторы раскрыли художественный образ Ибрая Алтынсарина. Его просветительская деятельность и поиск автора в описании стойкости в борьбе за будущее нации подчеркивают его художественное мастерство.

SUMMARY

In the article, the authors revealed the artistic image of Ibray Altynsarin. His educational activities and the search for the author in the description of steadfastness in the struggle for the future of the nation emphasize his artistic skill.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ 666.953

АРАЛАС ҚҰРАМДЫ БАЙЛАНЫСТЫРҒЫШ ЗАТ НЕГІЗІНДЕГІ ҚҰМДЫ БЕТОНДЫ ЗЕРТТЕУ

Байтасов Камалбек,

техника ғылымдарының кандидаты, доцент;

Транай Елдос Айдосұлы,

студент

Қызылорда «Болашақ» университеті

Байланыстырғыш заттың, құмның, судың және кейбір жағдайларда химиялық қосымшазаттардың қатайған қоспалары болып табылатын майда түйіршікті (құмды) бетондар бетон және темірбетон бұйымдарын жасау үшін, сондай-ақ монолитті құрылымдарды салу үшін қолданылады. Оларды жұқа қабырғалы темірбетон конструкцияларын жасау үшін де қолдануға болады. Құмды бетондарды пайдалану әсіресе қиыршық тас пен құм-малта тас қоспалары жоқ жерлерде тиімді.

Қазақстан Республикасының оңтүстік облыстарында бетон және құраматемірбетон өндіру үшін ұсақ, шаң тәрізді бархан құмдарын пайдаланудың ерекше маңызы бар.

30-шы жылдары Орта Азия ирригация ғылыми-зерттеу институты, сондай-ақ бірқатар басқа ұйымдар ұсынған ерітінділер мен бетондарға шаң тәрізді құмдарды пайдалануды ұсынған. Зерттеулер нәтижесінде ұсақ түйіршікті құмдарды гидротехникалық бетонға қолдану бойынша ұсыныстар жасалды, бұл құмдарды майда толтырғыш ретінде немесе кәдімгі бетондарда ірі құмменараластырып қолдану мүмкіндігі көрсетілген [1].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, құмды бетондар су өткізгіштігінің жоғарылығымен және құрылымдардың ұзаққа жарамдылығына әсер ететін айтарлықтай отыру деформацияларымен ерекшеленеді. Олардың ұзаққа жарамдылығын арттыру қазіргі заманғы құрылыстың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Майда түйіршікті бетондарда, әсіресе шаңды құмдар негізіндегі бетондарда, сенімділік пен ұзаққа жарамдылықтың төмендеуі бетон құрылымында өтпелі кеуектіліктің болуына байланысты, ол агрессивті ортаның бетон денесіне енуіне ықпал етеді және бұзылу процестерінің қарқынды жүруіне әкеледі.

Ақырында, майда түйіршікті бетондарды қолданудың тиімділігін төмендететін маңызды факторлардың бірібетон қоспаларын дайындау үшін қажетті байланыстырғыш заттың меншікті

шығынының жоғарылығы болып табылады. Мысалы, M200 маркалы құмды бетон алу үшін ірілік модулі $M_{кр} \geq 2,1$ құмдар негізіндегі бетондарда M400 маркалы цемент шығыны $315...430 \text{ кг/м}^3$ құрайды. Ірілік модулі төмен құмдар негізіндегі бетондарда цемент шығыны одан да жоғары шамалармен сипатталады.

Көптеген авторлардың зерттеулері нәтижесінде [2, 3] бетон қоспалары үшін ұсақ құмдарды пайдалану цементтің артық шығынын ғана емес, сонымен қатар бетон қоспасы мен бетонның құрылымы мен қасиеттерін нашарлататыны анықталды. Қазіргі уақытта бетон қоспаларының қасиеттерін жақсарту және цемент шығынын азайту бойынша көптеген ұсыныстар бар.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, құмды бетондар су өткізгіштігінің жоғарылауымен және құрылымдардың беріктігіне әсер ететін айтарлықтай шөгу деформацияларымен сипатталады. Олардың беріктігін арттыру қазіргі заманғы құрылыстың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ұсақ түйіршікті бетондарда, әсіресе шаңды құмдардағы бетондарда, сенімділік пен беріктіктің төмендеуі бетон құрылымында кеуектіліктің болуына байланысты, бұл агрессивті ортаның бетон денесіне енуіне ықпал етеді және бұзылу процестерінің күшеюіне әкеледі.

Майда түйіршікті бетондардың қасиеттерін жақсарту үшін көптеген авторлар әртүрлі әдістерді қолданды. Олар негізінен белсенді цементтерді қолдануды, құмның дәндік құрамын жақсартуды, бетон құрамына микротолықтырғыштар мен түрлі химиялық қоспаларды енгізуді, кеуектілікті төмендетуге ықпал ететін заттармен бетонды сіңдіруді қамтиды.

Жоғарыда айтылғандай, шаңды құмдар негізіндегі құмды бетондар кеуектіліктің жоғарылауымен сипатталады және соның нәтижесінде үлкен отыру деформациясы мен өткізгіштікке ие болады, бұл олардың экономикалық тиімділігінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Көптеген зерттеулерге сәйкес бетонның ұзаққа жарамдылығын арттырудың прогрессивті әдістерінің бірі сұйық сіңіру қосылыстармен бетон материалының кеуек кеңістігін кольматациялаудың физика-механикалық әдісі болып табылады. Олар материалдың кеуек кеңістігін толтыра отырып қатаю кезінде тығыз құрылымды құрайды, бұл кейбір жағдайларда беріктіктің, әртүрлі әсерлерге төзімділіктің артуына, сондай-ақ бетонның деформациялық сипаттамаларын жақсартуына ықпал етеді [4].

Бетон қасиеттерін жақсарту үшін қолданылатын сіңірілетін композициялар кеуектер ішінде полимеризациялану немесе кристаллдану арқылы қатая алады. Соңғысының қатарына күкіртті жатқызуға болады [5].

Көптеген авторлар майда түйіршікті (құмды) бетонның қасиеттеріне микротолықтырғыштардың әсерін зерттеді.

Микротолықтырғыш ретінде ұнтақталған құм, белсенді минералды қоспалар, ЖЭО күлі қолданыла алады. И.М. Красный атап өткендей, микротолықтырғыштарды қолдану бетонның беріктігін едәуір арттырады. Микротолықтырғыштың меншікті беті неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тиімді болады.

Ұсақ түйіршікті бетондардың физика-механикалық қасиеттерін жақсартуға бірқатар химиялық қоспаларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Майда түйіршікті бетондардың қиыршық тасты бетондармен салыстырғанда экономикалық тиімділігі құм мен қиыршық тас бағасының қатынасына тәуелді болады. Қиыршық тас едәуір қашықтықтан тасымалданатын аудандар үшін майда түйіршікті бетонның тиімділігі қиыршық тас құнының өсуіне пропорционалды түрде артады және көрсетілген мөлшерден бірнеше есе асып кетуі мүмкін.

Майда түйіршікті бетонның артықшылықтарын жүзеге асыру цементті белсендірудің қарапайым, атап айтқанда құмды ұнтақтауды болдырмайтын және тапшы цемент шығынын азайтатын технологиялық әдістердің әзірлеуді қажет етеді.

Осылай, жүргізілген жұмыстарды талдау прогрессивті, арнайы модификацияланған цементтер мен технологиялық әдістерді қолдану майда түйіршікті бетондардың физика-механикалық қасиеттерін едәуір арттыруға алғышарттар жасайтынын көрсетеді. Құмды бетондардың физика-механикалық қасиеттерін арттыру міндетімен қатар олардың су өткізбеушілігін арттыру мәселесіне тиісті назар аудару қажет, бұл оларды су шаруашылығы құрылысында қолдану перспективасын ашады.

Құмды, оның ішінде барханды шанды құмды қолданудың ерекше тиімділігін ескере отырып, оларды құмды бетонның толтырғышы ретінде пайдалану мәселесі одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Әр түрлі авторлардың бұрын жүргізген жұмыстарының нәтижелерін талдау шанды құмдар негізіндегі бетон қоспаларында цементтің едәуір бөлігі клинкер бөлшектерінің нақты тығыздығының жоғары болуына байланысты тиімділігі төмен толықтырғыш рөлін атқаратынын көрсетті. Цемент микротолықтырғышынменшікті көлемі жоғары басқа затпен, мысалы, кальций гидроксидімен алмастыру ұтымды болады.

Портландцементті әкпен үйлестіру оған қышқыл белсенді минералды қоспаларды (трепел, опока, күл және т.б.) енгізу арқылы құрамын едәуір жақсартуға қосымша мүмкіндік береді. Белсенді минералды қоспалар кальций гидроксидімен әрекеттесіп, меншікті көлемні жоғары, ерекше жоғары дисперсиялы бөлшектер түрінде кальций гидросиликаттарын құрайды. Гидросиликаттар тұтастай

алғанда жүйенің беріктігін едәуір арттыруға, сондай-ақ олардан ауаны ығыстыра отырып, шаң тәрізді құмдардағы ұсақ кеуектерді мейлінше толтыруға ықпал етеді. Бұл бетонның су өткізбеушілігінің жоғарылауына әкеледі.

Майда түйіршікті құмды бетондарда цемент шығынын азайту, сонымен қатар олардың қатаюы кезінде отыруын төмендету үшін портландцементтен, әктен және күлден тұратын және барлық компоненттерді бірге ұнтақтау арқылы алынатын аралас құрамды байланыстырғыш зат (әктікүлдіпортландцемент) ұсынылады [1].

Байланыстырғыш заттың құрамына әк енгізу цемент тасының ұлғаюына ықпал жасайды, себебі гидратацияланудың бастапқы кезеңінде цемент тасының сұйық фазасында концентрациясы жоғары болады және кальций гидротрисульфоалюминатының түзілуіне алғышарттар қалыптасады. Одан басқа, сөнбеген әктің гидратациясы кезінде кальций гидроксиді пайда болады. Оның бөлшектері қатаятын жүйеде үлкен бөлшек аралық көлеммен орналасады. Осы процесстер нәтижесінде жалпы ұлғаю орын алады.

Ендірілетін әк мөлшерін өзгерте отырып, сол сияқты химиялық қоспаларды қолданып әктікүлдіпортландцемент негізіндегі түрлі құрамдағы бетондардың көлемдік деформациялаын реттеуге болады.

Техногендік материалдар, атап айтқанда әктікүлдіпортландцемент құрамына енгізілетін қатты отында жағудан алынатын күл әкпен реакцияға түседі, оның нәтижесінде әктікүлдіпортландцементтің жоғарыда айтылған қасиеттерін анықтайтын жаңа түзілістер пайда болады.

Аралас құрамды байланыстырғыш зат негізіндегі майда түйіршікті бетонның беріктік қасиеттерін зерттеу үшін зертханалық жағдайда ірілік модулі әртүрлі құмдар негізінде майда түйіршікті бетоннан жасалған, қырының өлшемі 7,07 см куб үлгілер сынақтан өткізілді.

Аралас құрамды байланыстырғыш зат әк, ЖЭО күлі және портландцемент қоспасынан тұрады. Байланыстырғыш заттың құрамында шамамен 50% портландцемент бар.

Байланыстырғыш зат аталған компоненттерді шарлы диірменде ұнтақтау арқылы дайындалады. Ұнтақтық дәрежесі 4000...5000 см²/г. Қалыпты қоюлығы 33...37%. Байланыстырғыш заттың маркасы негізгі портландцемент маркасынан кем емес.

Ірілік модулі 1-ден кем бархан құмы негізінде, құрамы 1:3 (байланыстырғыш зат:құм) үлгілердің беріктігі 1 тәулікте 7,2 МПа, 28 тәуліктен кейін 16,8 МПа құрады. 1 және 28 тәулік мерзімде, осындай жағдайларда ірілік модулі 2,18 болатын кварцты құм негізіндегі майда түйіршікті бетон сәйкесінше 14,5 және 24,2 МПа беріктік көрсетті.

Сонымен, әкті күлді портландцемент құрамына сөнбеген әкті және техногендік материалдар мен белсенді минералды қоспалар

ендіру бетон және темірбетон бұйымдар өндірісінде қолдану үшін аралас құрамды байланыстырғыш зат алуға мүмкіндік береді. Бұл байланыстырғыш заттың гидратациялану кезінде көлемдік өзгерісін реттеу мүмкіндігі оны отырмайтын және ұлғаятын цемент ретінде қолдануын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының ірі толтырғыш қоры тапшы аудандары үшін ұсақ құмдар негізінде майда түйіршікті бетондарды пайдаланудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтасов К. Песчаные бетоны на известковозольном портландцементе. - Диссертация на соискание ученой степени кандидата технических наук. - М., 1988.

2. Баженов Ю.М., Демьянова В.С., Калашников В.И. Модифицированные высококачественные бетоны. - М.: АСВ, 2006. – 368 с.

3. Ступаков Г.И. Бетоны на мелкозернистых песках для промышленного и гражданского строительства. – Ташкент: ФАН, 1986. – 107 с.

4. Баженов Ю.М. Бетонополимеры. - М.: Стройиздат, 1983. – 472 с.

5. Патуроев В.В., Волгушев А.А. Основные характеристики бетонов, пропитанных серой. - М.: ЦНИИС, 1978.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопрос об использовании песков для производства мелкозернистого песчаного бетона и сборного железобетона в регионах, где отсутствуют месторождения крупного заполнителя. Целью статьи является изучение современного состояния производства и применения мелкозернистых песчаных бетонов, использования смешанных вяжущих веществ для их приготовления.

SUMMARY

The article discusses the use of sands for the production of fine-grained sand concrete and precast concrete in regions where there are no deposits of coarse aggregate. The purpose of the article is to study the current state of production and application of fine-grained sand concrete, the use of mixed binders for their preparation.

**«Болашақ»
университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
университета
«Болашақ»**

Қызылорда	№2 (22)	2021
------------------	----------------	-------------

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Сол жағалау, «Болашақ» университеті

Басуға 30.12.2021 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 4.2 б.т. Офсетті қағаз.

Тапсырыс №32.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№2 (22) 2021**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.